МӘҢГІЛІК ЕЛ - ҰЛЫ МҰРАТЫМЫЗ!

Ақсу өңірі

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

Газет 1934 жылғы 1 қазаннан шығады

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

●№47 (10 094) ●26 қараша ● жұма ●2021 жыл ●aksuoniri@mail.ru

1 желтоқсан - Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні!













ЖЕТІНШІ ТҰҒЫР.
ПРАГМАТИЗМ – БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ БОЛУДЫҢ КЕПІЛІ
ҚАЗІРГІ ЕЛІМІЗДЕ ЖАСТАРДЫҢ ӨЗІН – ӨЗІ ДАМЫТУЫНА, БІЛІМІН ЖЕТІЛДІРІП, СҮЙІКТІ ІСІМЕН АЙНАЛЫСУЫНА МҮМКІНДІК МОЛ. СОНДЫҚТАН ПРАГМАТИЗМ ПРИНЦИПТЕРІ БОЙЫНША БАРЫНША ҚАНАҒАТШЫЛ, ҮНЕМШІЛ, ҰСТАМДЫ БОЛЫП, УАҚЫТТЫ ОРЫНДЫ ПАЙДАЛАНУҒА ТАЛПЫНҒАН ЖӨН.

Н.Ә.НАЗАРБАЕВ
«ЕЛДІКТІҢ ЖЕТІ ТҰҒЫРЫ»

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС – ТӘУЕЛСІЗДІК ҮШІН КҮРЕСПЕН ТЕҢ!

Кез - келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі. Бұл кесел әлемнің қай елінде болса да бар ауыр дерт. Біздің дамушы мемлекет ретінде өркендеуімізге кедергі келтіріп тұрған қайғы.

Біз тәуелсіздік алғалы отыз жыл толып отыр. «Азаттық алдық. Зорлықтан, қорлықтан, құлдықтан азат болдық. Тәуелсізбіз. Егеменбіз. Сөйтсек, жемқорлық, парақорлық та, заңсыздық та азаттық алған сияқты. Сияқты емес, дәл солай!»,–дейді Шерхан Мұртаза «Адам құны» атты мақаласында. Шындығында, дәл солай. Өйткені, осы айтылған келеңсіз құбылыстармен елеміз егемендік алғалы жаппай күресіп келеді.

Соңғы мәліметтерге сүйенсек, 2020 жылы Қазақстан жемқорлық жайлаған 180 елдің ішінде 113-орында тұр екен. Бұл көрсеткіш елімізде жемқорлық деңгейінің әлі жоғары екендігін көрсетеді. Қазақстанды бұл дерт неге жаулап кетті? Пара алу мен пара беру неге тыйылмай жатыр? Бұған тек бір адамды кінәлауға ғана болмайды. Бұл дертпен күресті әркім өзінен бастауы қажет. Мемлекет тарапынан бұл дертпен күрес үшін көптеген шаралар жүргізіліп, заңнамалар қаталдап жатыр. Қазір әлемді жаулаған дерт короновирус десек, жемқорлық одан да қауіпті дерт. Жемқорлыққы қарсы вакцина жоқ. Оны тек баршамыз бірігіп және аламыз, ол үшін әр азамат бойында жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру аса маңызды.

...«Кедей – бай болсам дейді, бай – Құдай болсам дейді». Кедей бай болсам деген жерде тоқтай қалса ғой. «Стоп!» десе. Жоқ, бай Құдай болсам дейді. Бұл – қанағатсыздық. Бәленің бәрі осы қанағатсыздықтан туады. Оны толтыра алмайсың. Өзі тойса да, көзі тоймайды»,-деп жазыпты Шерхан Мұртаза «Елім саған айтамын, Елбасы сен де тында» атты хаттар жинағында. Расында қазіргі жемқорлықтың тоқтамы болатын қанағат деген ұғымды санаға сіңіру керекпіз.

Ежелгі грек ойшылы Местрий Плутарх «Қоғам игілігіне арналған істен өз пайдасын көздеген жан, қабірді де тонауға қабілетті» дейті. Бұл жемқорлар үшін елді, жерді сату түкке тұрмайтындығын көрсететін сөз секілді. Бүгінде біздің тәуелсіздігіміздің басты жауы – жемқорлық. Демек, жемқорлықпен күрес тәуелсіздік үшін жүргізіліген күреспен тең.

Д.СҰЛТАНОВА,
аудандық сотының кеңсесінің бас маманы, сот отырысының хатшысы.

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ, АҚСУ АУДАНЫ, СУЫҚСАЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГ ӘКІМІНІҢ САЙЛАУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

2021 жылы 21 қарашада 1 сайлау округі бойынша Ақсу ауданының ауылдық округі әкімінің сайлауы өтті.

Ақсу аудандық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 14-бабының 9) тармақшасына, 44-бабының 2-тармағына, 45-бабына, 113-10-бабына сәйкес ауылдық округ әкімін сайлау нәтижелері туралы учаскелік сайлау комиссияларының хаттамаларына сәйкес сайлау нәтижелерін анықтады:

Суықсай сайлау округі Суықсай ауылдық округі әкімін сайлау бойынша:

Округ бойынша сайлаушылар тізіміне 820 азамат енгізілді, оның 64,9% дауыс берді, жарамсыз бюллетеньдердің саны - 39, «бәріне қарсы» - 1.

Әр үміткерге берілген дауыстар саны:

Бекбулатов С.Ж. – 38,2%; Кобенбеков Н.Б – 3,6%; Қоңыров Қ.Н. – 58,1%.

Суықсай ауылдық округінің сайланған әкімі Қоңыров Қуаныш Нұрланұлы, 1985 ж.т., Суықсай ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы, Ақсу ауданы, Суықсай ауылында тұрады, өзін - өзі ұсынған.

АҚСУ АУДАНДЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ.

СООБЩЕНИЕ

21 ноября 2021 года состоялись выборы акима Суыксайского сельского округа Аксуского района по одному избирательному округу.

Аксуская районная избирательная комиссия в соответствии с подпунктом 9) статьи 14, пунктом 2 статьи 44, статьей 45, статьей 113-10 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан», на основании протоколов участковых избирательных комиссий о результатах выборов акимов сельских округов Аксуского района установила итоги выборов:

Суыксайский избирательный округ по выборам акима Суыксайского сельского округа:

В список избирателей по избирательному округу включено 820 граждан, из них проголосовали 64,9%. Число бюллетеней недействительных – 39 , с отметкой в строке «Против всех» - 1.

Число голосов, поданных за каждого кандидата:

Бекбулатов С.Ж – 38,2%; Кобенбеков Н.Б. – 3,6%; Конуров К.Н– 58.1%.

Избран акимом Суыксайского сельского округа Конуров Куаныш Нурланович, 1985 года рождения, главный специалист аппарата акима Суыксайского селского округа, проживает в селе Суыксай, самовыдвижение.

АКСУСКАЯ РАЙОННАЯ ИЗБИРАТЕЛЬНАЯ КОМИССИЯ.

БАСПАСӨЗ - 2022

АҚСУ ӨҢІРІ

ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТІНЕ 2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ БАСТАЛДЫ!

Ауданның тыныс - тіршілігінен құлағдар болғыңыз келсе, аудандық және ауылдық "Қазпошта" байланыс бөлімшелеріне барып жазылыңыздар.

"Ақсу өңірі" газетіне 1 жылдық жазылу бағасы- 4414 теңге, 80 тиын және жарты жылға 2207 теңге 40 тиын.

ГАЗЕТ ИНДЕКСІ: 65750

Еңбекпен шыңдалған заң қызметкері

Боданбаев Серікқазы 1946 жылдың 18 қарашасында Ақсу ауданының Ленин атындағы совхоздың Тарас бөлімшесінде дүниеге келген. Қарапайым отбасында тәрбиеленген. Әкесі Мусанов Боданбай осы бөлімшеде қарапайым жұмысшы болып еңбек еткен. Дүниеден ерте өткен. Анасы Жексембекова Жамбы да қарапайым жұмысшы болып еңбек етіп, баласының оқып еңбек етуіне әкесінен ала алмаған тәрбиесін беруге бар күшін салған құрметті ана.

Боданбаев Серікқазы 1954 жылы Тарастағы бастауыш мектепке барып білім алған. 1964 жылы Чапаев атындағы орта мектепті бітірген. 1964 жылдан 1966 жылға дейін осы бөлімшеде жұмысшы болып еңбек еткен. 1966 жылдан бастап Ақсу аудандық ішкі істер бөліміне милиционер болып жұмысқа қабылданады. Осы жұмысты істей жүріп, Алматы қаласындағы орта арнаулы милиция мектебіне оқуға түсіп, 1968 жылы бітіріп лейтенант шенін алған. Учаскелік милиция, кезекшілік, тергеушілік қызметін атқара жүріп, осы жылдар аралығындағы тергеудің «қазанында қайнап» шыңдалған кезеңдері оның әрі қарайғы қызметтегі өсу, өрлеу баспалдақтарына даңғыл жол салады. Көп ұзамай қылмысты іздестіру бөлімінің басшысы қызметіне тағайындалады.

Үнемі ізденуді, білуді, алға ұмтылуды өмірлік мақсаты еткен Серікқазы ағамыз өзінің заңгерлік біліктілігін еңбекпен көрсетті. Аянбай еңбек еткен қызметіне байланысты түрлі медальдарымен марапатталады.

Атап айтқанда, Қазақстан полициясына 75 жыл, 100 жыл медальдарымен марапатталған. 1991 жылы зейнеткерлікке шығып, Ішкі істер бөлімінің Еңбек ардагері медалін алады. 2005 жылы Ақсу ауданы әкімшілігінің "Құрмет кітабына" есімі енгізілген. Жолдасы Әміренова Нұркүміс Қаракемер орта мектебінде мектеп директоры болып еңбек еткен. Қазіргі кезде зейнеткер. Қызы Боданбаева Ардақ І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің Заң факультетін бітірген. Қазіргі уақытта Ақсу аудандық прокуратурасының аға прокуроры болып қызмет істейді.

Боданбаев Серікқазы жанұясында, ауылда сыйлы азамат, қоғамдық жұмыстарға қазіргі кезге дейін белсене араласады. Еңбекпен шыңдалған заң қызметкері, Серік ағамыз 18 қарашада 75 жасқа толды. Ағамызға мықты денсаулық, отбасына бақ - береке тілейміз.

Ләззат ҚАСЫМБЕКОВА.

Ұжым арасында сыйлы, кішіпейіл жан еді...

Күні кеше ғана ортамызда жүрген Айгүл Хасенқызы туралы өткен шақта жазу қиын екен.

Айгүл Хасенқызы 02.04.1969 жылы туған, ұлты қазақ, білімі жоғары, 2005 жылы Қазақ Еңбек және әлеуметтік қатынастар академиясына, Қаржы және несие мамандығы бойынша бітіріп шыққан.

Еңбек жолын 1986 жылы Коммуналды өндірістер көмекшісі қызметінен бастап, 1996 жылы.Қапал ауданымен Ақсу ауданы қосылуына байланысты Жансүгіров ауылына келіп бюджеттік банкте қызмет атқарған.

1998 жылдан бастап өмірінің соңына дейін Ақсу аудандық қазынашылық басқармасының бас маман - бас қазынашысы қызметін атқарған.

Қызмет атқарған уақыт аралығында өзін - өзі сапалы және ынталы, білімді маман ретінде көрсете білген, берілген жұмысты жауапты және уақытылы орындайтын. Аналитикалық талдау ойы бар. Үнемі білімін жетілдіруге ұмтылушы еді. Ұжым арасында сыйлы және кішіпейіл болған. Ұқыпты, байсалды, салмақты, мінезімен үлкенге өнеге кішіге үлгі болатын. Өз әулеті жөнінде үнемі жылы лебіздер айтып жолдасымен ұлы Алихан туралы айтқанда жүзі нұрланып көзінен қуаныш оты ұшқындап тұратын. Анасымен кездескен мезгілдерін жылы еске алып айқан ақылдарын ойынан шығармай жүруші еді. Сонымен қатар Айгүл жолдасын Омка, Өмеке деп бірақ атын Өмірбек деп айтпаған салихалы жар да болған.

Осы қамшының сабындай қысқа өмірінде өзінің туа біткен мінезімен көп адамдармен сыйласқан. Бұл кісі өмірге құштар, көңілді еді. Бірақ амал қанша 20 қазан күні қайта келмес соңғы сапарына аттанып кетіп, сол күлімдеген көзімен өмірге құштар көңілімен мәңгілік ұжымның ойында қалды. Иманы жолдас болсын,-деп отбасына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамыз.

Мұхтар МҰСАНОВ,
аудандық қазынашылық басқарма басшысы.

АҚСУ ХАЛЫҚ ТЕАТРЫ ХАЛЫҚТЫҚ АТАҒЫ БАР ТЕАТРЛАРДЫҢ ОБЛЫСТЫҚ ФЕСТИВАЛІНДЕ

Өнер десе, ішкен асын жерге қоятын ел ішіндегі тума таланттардың басын біріктіріп, көркемөнерпаздардың өз күшімен құрылған халық театрлары әр ауыл мен ауданның ажарын кіргізетін бірегей орталықтар болып саналады. Жергілікті халықты театр өнерімен таныстыратын да, олардың мәдени, қоғамдық өміріне әр беріп, руханиэстетикалық сұранысына сай қызмет етуге тырысып бағатын да драма өнерін дөңгеленткен, өзі әнші, шетінен биші сегіз қырлы, бір сырлы өнерпазсыз ауданның бүгінгі мәдени өмірін көзге елестету еш мүмкін емес. Аудандық деңгейде өнер көрсетіп жүрген аз ғана адамнан құралған кішкентай ұжымдардың өнер үшін жасап жүрген жанкешті еңбегі ұшан - теңіз. Осындай жанкешті театрлардың бірі - Ақсу халық театры. Күні кеше Талдықорған қаласында халықтық атағы бар театрлардың облыстық фестивалі өтті. Байқауда Ақсу халық театры бірінші болып өнер көрсетті. Театр Шеге Елубаевтың «Абай ауылында» қойылымымен сахна шымылдығын ашты. Сегіз қырлы, бір сырлы өнерпаз иелері тарихи құндылығы бар қойылым арқылы сахнаға жан бітіргендей болды. Майраның әні арқылы көрерменді өзіне баурап, халық жүрегін өзіне баурады.

Абай ауылының көрінісін музыкалық үлгіде тамаша көрсете білді. Бір ғана көріністің өзінде қахақ халқының қаншама ауыз әдебиетіндегі бата беру, ұлттық ойындар, ән айту сында біршама құндылықтарымызды ұтымды жеткізе білді. Осы тарихи көрініс арқылы ұлттық салт - дәстүріміз бір жаңғырып қалғандай болды.

Қойылымның мазмұнын аша түскен сәт ескілік әдет заңы мен жаңа замандағы адамшылдық пен зұлымдық арасындағы байланысты сипаттайды. Бұл көріністегі басты рөлді сомдаған көркем сөз оқу шеберлері республикалық байқауының Гран - при иегері Жасұлан Китапяновтың орындаушылық шеберлігі Ұлы Абайдың образымен дәлме - дәл үйлесті. Шебер орындалған қойылым көрермен көңілінен әбден шықты деуге тұрарлық. Қалың жұрт шапалақ ұрып, әртістер қауымына үлкен құрмет көрсетті.

Сарқытбек РАХЫМБЕКОВ,
Көкөзек ауылдық мәдениет үйінің директоры.

ХАБАРЛАНДЫРУ!

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы «Әкімшілік – аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескерту қағидаларын бекіту туралы» №138 қаулысының 8-тармағының, 1), 2)-тармақшаларына сәйкес 2021 жылдың желтоқсан айының 27-і күні сағат 15-00-де Суықсай ауылдық мектебінің акт залында Ақсу ауданы, Суықсай ауылының «Жота» көшесіне Ұлы Отан соғысының «Қызыл жұлдыз», «ІІІ дәрежелі Даңқ» ордендерімен, «За оборону Кавказа», «За боевую заслугу», «За взятие Кенигсберга», «За Победу над Германией» медальдерімен, «Отличный пограничник», «Снайпер» төсбелгілерімен марапатталған Кебекбаев Тұрсын Қалимолдаұлының атын беру бойынша мәселе қаралатындығын хабарлаймыз.

«Қазақ халқының мүдесін қорғаған күрескер»
«Өсиет өнегені өткеннен изде - өрен толады.
Бақытты болашақтан изде - басына қонады»

Б.СЫРТТАНОВ.

Қазақ халқының мүдесін қорғаған күрескер

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Тұңғыш Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында туған жердің қадірін сезіну мен осы ұлттың өткен тарихын құрметтеу, оны жетік білу мәселесі көтерілді.

«Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі» делінген.

«Тұлғасыз тарих тұл» деп дана бабаларымыз айтқандай, әрбір елдің мақтанышына айналған жұлдызды перзенттері болады. Халық мұндай перзенттерін ұлт қайраткері деп бағалап, құрметтейді. Осыған орай Б.Сырттанов ауылдық кітапханасында қоғам қайраткері, реформатор және демократ Б.Сырттановтың 155 жыл толуына орай "Қазақ халқының мүдесін қорғаған күрескер" атты тарихи криуз ұйымдастырылды.

Шара барысында жасұрпаққа көрнекті алаш қайраткері, заңгер, публицист, шығыстанушы, қазақтың алғашқы Конституциясының авторы - Барлыбек Сыртановтың өмірі мен саяси қызметі жайында тағылымы мол мағлұматтар беріліп, бейнебаян көрсетілді.

Мақсаты:оның артында қалған мол мұрасын тыңғылықты зерттеп, өскелең ұрпақ тәрбиесіне насихаттап отыру.

Санкт-Петербург университетін бітірген қазақ зиялылары ішінде Б.Сыртановтың орны да, жөні де бөлек. Оның өмірі мен қызмет жолын, артында қалған мол мұрасын тыңғылықты зерттеп, өскелең ұрпақ тәрбиесіне жарата білу қазіргідей, тәуелсіздік туын тұғырына берік орнатып, тұмса тарихымызды жаңаша түзіп жатқан тағдырлы кезеңде айырықша маңызды деп білеміз.

Назира АУБАКИРОВА,
«Nur Otan» партиясының мүшесі, Б.Сырттанов ауылдық кітапханашысы.

Тәуелсіздікке 30 жыл!

Тәуелсіздік жайлы жазсам, тосын жыр,
Қуаныштан құшақтасын, досым гүл.
Мәрт елімнің асқақтаған арманы.
Болып қапты - ау, толып қапты - ау 30жыл.

Асқақ арман ары асып, көк белден.
Батыр бабам қиындықты көп көрген.
Талай - талай белестерді еңсеріп,
Тәуелсіздік айналайын қошкелген.

Аулақ кетсін, жуымасын қазір мұң,
Тәуелсіздік жүрегіме жазылдың.
Өн бойымда бір тамшы қан қалғанша,
Ұлы Отанды күзетуге әзірмін.

Күндіз күлкі, түнде бөлеп сұлу түн,
Тәуелсіздік тіл жетпестей жылусың.
Манат өлкем, жәннәт өлкем сенде өскен,
Шоқтай жайнап, жалындайды рухым.

Жаса мәңгі тәуелсіздік ұлы елім,
Ақ Отанға ақ арманды тіледім.
Отан үшін отқа түссең күймейсің,
Тәуелсіздік бірге мәңгі жүрегім.

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

Киелі ақсу, мамания мекктебім,
Оқушымын, балауса боп көктедім.
О, аяулы тәуелсіздік Отаным,
Сен дегенде жалындайды өрт сезім.

Демеңіздер өлең жазған, тегі кім?
Тасқындайды туған жерге сенімім.
Мен Қанағатұлы болам Бақболсын,
Осы жырым сүттен аппақ көңілім.

Бақболсын ҚАНАҒАТ,
Мамания орта мектебінің 5 "а" сынып оқушысы.
Жетекшісі: Ж.СҰЛТАНҒАЛИЕВА.

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

АЛАШ ЖӘНЕ АҚСУ-ҚАПАЛДЫҢ МҰҢЫ

Алаш жұрты - ең бір жер көлемі ірі елдердің бірі. Осы алып елді қорғап тұру да оңай болған жоқ. Хұн, түркі дәуірінде үнемі Қытай, Иран орта ғасырларда Жоңғар мемлекеті, Бұқар (өзбек, тәжік) хандығы, Хиуа (өзбек, түркімен) хандығы, Қоқан (өзбек, қырғыз) хандығы, Еділ қалмақтары, башқұрттар,орыс казактары қауіп төндіріп тұрды. Басқаны айтпағанда 300 жылдық қазақ – жоңғар, 400 жылдық қазақ - өзбек соғыстарында қаншама жан шығыны, мал шығынына ұшырады. Ел мен жер үшін болған шайқастарда айбарлы хандар, атақты батырлар, кемеңгер билер және миллиондаған атпал алаш ерлері құрбан болды.

Кіші жүз ханы Әбілқайыр 1731 жылы, Орта жүз ханы Әбілмәмбет 1740 жылдары Ресей бодандығын қабылдады. 1720 жылдардан бері көп бөлігі басында Жоңғар, кейіннен Қоқан (өзбек) хандығы ықпалында болып келген Ұлы жүз 1883 жылы толық Ресей құрамына еніп болды. 1822 жылы Орта жүзде, 1824 жылы Кіші жүзде хандық билік жойылды. Жалпы, Ресейге бағыну процесі 152 жылға созылды. Ресейдің 1820-1890 жылдардағы реформалары қазақты бөлшектеп билеудің ең бір аяусыз жолы болғаны тарихи шындық. Отарлауға қарсы Е.Пугачев көтерілісіне Кіші жүздің қатысуы, Сырым Датұлы қозғалысы , Кенесары көтерілісі, Исатай мен Махамбет, Жанқожа Нұрмұхамедұлы, Есет Көтібарұлы көтерілістері болып өтті. Есет пен Жанқожа Ресеймен қатар Хиуа (өзбек, түркімен) хандығына қарсы күрессе, Тентек төре мен Байзақ датқа Қоқан (өзбек, қырғыз) мемлекеттеріне қарсы шайқасты. Сейіл мен Беркін, Иса мен Досан көтерілістеріне Ресейдің қайта-қайта реформалар жасауы, жерді сатуы мен ауыр салық салуы себеп болды. Аталған кезеңдерде қазақ елағалары бірауызды болды десек шындыққа қиянат болады. Рубасылардың кейбірі Хиуа-Қоқанның сойылын соқса, енді біреулері Ресей жақтаушылары болды. Бұл процес әсіресе Кенесары Қасымұлы басқарған он жылдық соғыста айқын көрініс береді.

XIX ғасырдың ортасында бұрынғы хандар ұрпақтары - ақсүйек төрелер және атақты әулеттерден шыққан ел ағалары болашақта көтеріліспен орыс билігінің бұралаң саясаты мен европалық армиясын төтеп бере алмайтынын түсіне бастады. Ресейге бағынышты жұрт болғандықтан орыс тілін білмеу ел билеу ісінде үлкен кедергіге айналды. Орыстың ғылымын, тілін, заңын білмей онымен араласып ұғынысу мүмкін емесін түсінді және заман талабына айналды. Кейбір беделді кісілер орыс тілін білу арқылы, балаларына жоғары қызмет жолын ашуды көздеді. Енді бірелеулері орыс чиновниктерімен оқыған балалары арқылы жақындасуды есепке алды. Қысқасы орыс тілін білу қажеттілікке айналды. Алғашында балаларын «шоқынып кетеді» деп қорыққан көпшілік, кедей туыстарының зерек, алғыр балаларын ата-анасына малдай өтем беріп оқуға жіберіп тұрыпты. Кейін олар «орысша жылмайтын» оқып келген кедей туыстың баласының аузына жалтақтайтын болды. Оның үстіне мал бодауына кеткен баланың «шоқынып кетпегеніне де» көздері жетті. Осы себептерге байланысты әйгілі, дәулетті, беделді қазақтар балаларын орыс оқуына бере бастады. Олар: Шыңғыс төре Шоқанды, Құнанбай қажы Абайды, Балқожа би Ыбырайды, Қапалдан Сырттан батыр ұлдары Барлыбек пен Тұрлыбекті, Маман би баласы Тұрысбекті орыс оқуына берді.

Осылайша XX ғасырдың басында қазақтың европалық білім алған оқыған азаматтарының легі қалыптасты. Тарихта бұлар Алаш зиялылары деп аталды. Алаш қазақ деген ұғымды білдіреді.Сол сияқты Алашқа қазақ, өзбек, түркімен, қырғыз, қарақалпақ, ноғай жатқызылып, «Алты Алаштың баласы» деп те аталады. Алаш атауының шығу төркіні туралы тағы бірнеше бір-біріне кереғар нұсқалары да бар.

Оқыған азаматтар 1913 жылы «Қазақ» газетін шығарды. Газет араб әрпімен қазақ тілінде шығып тұрды. Бұл қазақ тарихында ана тілінде шыққан тұңғыш газет болатын. Құлдық бұғаудан еңсесі түскен,елін жемқорлық жайлаған, жерін Ресейден ағылған орыс тартып алып жатқан, тілі ошақ қасында қалған, биболыстары орыс чиновнигіне жағынуға барын салған, алданған, күйзелген алаш баласы үшін газет Темірқазық бағдаршам болды. «Қазақ» газеті әлі де жер көк өгіздің мүйізінде тұр деп сенген, жүгерінің шашағын пайғамбардың қызы Бибі Фатиманың шашы деп сатып алған, мұз кәмпитті Мұхамед пайғамбардың қатқан сілекейі деп қымбатқа айырбастап алған, араб-парсылардан келген қиссалардағы сиқыр мен кереметтің болатынына сеніп жүрген аңқау алаш баласының көзін ашқан шамшырақ болды. Газет зор қиындықпен шығып тұрды. Қаржының тапшылығы мен патша үкіметінің қысымына қарамастан халқына тайқымай, айнымай қызмет етті. Тіпті, газет редакторы Ахмет Байтұсынов түрмеге де отырып шықты. Газетте сол кездегі дүниежүзілік саяси жаңалықтар, соғыстар, Ресейдегі саясат одан қазаққа келетін зиян, шаруашылық туралы кеңестер, жер мәселесінде алданып қалмау жолдары көрсетіліп бағдар берілді. «Қазақ» газеті 1913-1918 жылдар аралығында Ахаңның басшылығымен шығып тұрды. Газет алғаш Орынбор қаласында шығарылар кезде, алаш азаматтары қаржыны елағаларынан жылу жинап, жетпегенін қалталарынан шығарып газет жарық көрді.

I дүниежүзілік соғыстың басталуына байланысты 1916 жылы 19-43 жас арасындағы қазақтарды майданның қара жұмысына алу басталды. Осы науқанға байланысты Әлихан Бөкейханов Орынборда жалпықазақ жиынын өткізді. Онда жиналғандар «солдат жібермей тағы болмайды ел қырылады, уақытты соза тұруға тырысайық, орыс іші бүлініп жатыр, патша өзі де көп ұзамай бір жақты болады» деп пәтуаласады. Осы кезде қазақ оқығандары екіге жарылады. Әлихан, Ахмет, Міржақып бастаған топ: «жастар майданға барсын, олар соғыспайды, қара жұмыс істейді, халық қарсылық қылса елге әскер шығады, қырғын табамыз» дей келіп, «ел ағалары сатылмай, бұзылмай солдатқа алуды әділ жүргізсін» деп жазды 1916 жылы «Қазақ» газетіне. Бірақ алаш зиялыларын тыңдаған, әділдікпен іс жүргізген болыстар өте сирек. Биболыстардың параға еті үйренген психологиясы ел қамынан гөрі қалта қамына бұрылып кетті. Жер-жерде болыстардың туыстары, балаларының орнына жасы 43-тен асып кеткен, не 19-ға жетпеген кедей-кепшік, жалшы-малай, қойшы-қоланның балалары алынып жатты. Дәулетті, ауқатты адамдардың балаларының орнына момын мен жетім-жесір балалар тізімге ілінді. Осы лас әрекеттер әрине, пара беру, пара алу арқылы жүзеге асты. Шектен шыққан жемқорлық көтерілістің басталуын жылдамдатты. Қарсы топ Әліби Жангелдин, Тұрар Рысқұлов, Сәкен Сейфуллин, Жалау Мыңбаев, Тоқаш Бокин сынды тұлғалар халықты көтеріліс жасауға үгіттеді. Алым-салықтың ауыртпалығы, елді жайлаған жемқорлық титығына жеткен, қосымша соғыс салығы ашындырған, қымбатшылықтан ширығып зорға отырған халық атқа қонды. Бір жағында винтовка, зеңбірек, пулеметпен жабдықталған тұрақты орыс армиясы, екінші жағында сойыл, шоқпар, аша ұсаған қазақ жасақтары. Көтерілістің қызу болған жерлері Торғай мен Жетісу өлкесі. Көтеріліс аяусыз басылды. Жалпы 1916 жылғы дүрбелеңді басу кезінде мыңдаған ауыл өртелді, мал айдауда, жан талауда, дүние тонауда кетті. 201 адам өлім жазасына кесілді, 162 адам Сібірге айдалды, ал шайқастар кезінде 30 мың қазақ өлсе, 200 мың қазақ шетелге босып кетті. Бұған зорланған, ары төгілген мыңдаған қазақ қыз-келіншектерін қосыңыз. Ал, майданда қара жұмыс кезінде ауырып, жарақат алып қайтыс болғандар саны анағұрлым аз. Салыстырмалы түрде алғанда көтеріліс шығынынан көп есе кем. Көтерілістер басылғаннан кейін алаш зиялылары Әлихан төре (сол кезде қарапайым халық солай атаған) бастаған топ майданға баратын 30 кісі – 1 топ болсын, әр топқа 1 переводчик, 10 топ, яғни 300 адамға бір молда болсын деп шешім қабылдап, «Қазақ» газеті арқылы орысша оқыған азаматтарды майданға тіл білмейтін жастармен бірге аттануға шақырды. Қараңғы, жомарт, аққөңіл, аңқау қазағын шын сүйетін, орысша тіл білетін 40 алаш ардақтысы, оқулары мен жұмыстарын тастап майдан жұмысына алынған қарапайым халықпен бірге Европаға жүріп кетті. Патша заманында бұратана халықтың оқуға түсуі қиямет – қайым еді. Соған қарамастан алаш оқығандары туған ұлтымен бірге майданға аттанды.Олар: Асфандияр Кенжин, Файзола Ғалымжанов, Елдос Омаров, Әзімбек Бірімжанов, Райымбек Мақатов, Хайролдин Болғанбаев, Сейіл Жиенбаев, Бижанғали Байқадамов, Нәзір Төреқұлов, Тел Жаманмұрынов, Шафқат Бекмұхамедов, Әбубәкір Иманбаев, Мұқыш Боштайұлы, Базарбай Шаметов, Иса Қисықұлы, Сұлтанбек Мангелдіұлы т.б. нағыз азаматтар болды. Өзіміздің Ақсудан - Біләл Сүлеев, Қапалдан - Мырзахан Төлебаев болды. Мырзахан Төлебаевпен менің арғы атам Тоғызбай дос,сыйлас адамдар болған екен. Тоғызбай Аманжолұлы дәулетті, шешен, өткір адам ретінде Қапал өңіріне белгілі тұлға. Ағайынды Тұрысбек, Бейісбек, Есенғұл Мамановтармен пікірлес, сырлас болған. Тұрысбек және Сейітбаттал Мамановтар қазақта өз қаражатына патша заманында тұңғыш мектеп-интернат салдырған. Есенқұл Маманов проза жанры дамымай отыр деп рет романға ақшалай бәйге жариялаған тұңғыш меценат. Басқасын айтпағанда атақты жыр Құлагері І.Жансүгіров сауатын осы Мамания мектебінен ашқан. Әйгілі Біләл Сүлеев, әнші Майра Уәлиқызы т.б. тұлғалар Тұрысбек Мамановтың үш қабатты көк үйінде жатып мектепте сабақ берген. Біздің әулеттің Маман ұрпағымен сыйластығы үзілмегенін үстімізде жаздым. Сол кезеңде Тоғызбай Аманжолұлы Бейісбек Мамановтың қызы Мәрияны өзінің ұлы, менің атам Бекболатқа алып береді. Алаш қозғалысы күшейген кезде Тоғызбай Аманжолұлы құдалары Мамановтармен бірге Алашорда үкіметіне барынша тілектес болады. 1918 жылы Тоғызбай өзінің үкілеп, маңдайына басқан екі бірдей жүйрік атын Алашорда үкіметіне сыйға тартады. Бұл деректі руы төре Есенаман деген ақсақал айдалада қой жайып тұрғанда, сыбырлап зорға айтып еді. Алашқа деген тілектестік пен ұжымдастыру зобалаңы, оның үстіне Бекболат Тоғызбайұлының соңына ГПУ-дың түсуі, Қапал түрмесіне жабылуы Тоғызбай әулетінің Қытайға қоныс аударуына себепші болады.

1916 жылы Әлихан Бөкейханов пен Мұстафа Шоқаев майданға кетіп бара жатқан жастарды Москвадан күтіп алып шығарып салады. 1916 жылдың күзінде Ә. Бөкейханов, М. Дулатов, М. Есболов үшеуі майданға келіп, Минск қаласында қара жұмыста жүрген мыңдаған қазақтың жағдайын түзеу үшін, үлкен кедергі, зор тауқыметпен «Бұратаналар бөлімін» ашады. Сол кезде қарапайым халық Әлекеңді Әлихан төре деп атаған екен,төре дегеннің өзі «төр ие»,яғни,төрдің иесі ақсүйек Шыңғысхан ұрпақтары деген қысқарған ұғым. Сөйтіп, Әлекең «Доктор түгел орыс. Докторды қазақ, қазақты доктор түсінбейді. Қазақтан оқыған доктор болса, осы кезде алаш баласынан көмегін аямасын» деп жазды «Қазақ» газетінде. Іле-шала Томск қаласының тұрғыны, беделді дәрігер, дәулетті отбасының баласы, білікті доктор Әбубәкір Алдияров мол табыс, жайлы қызметі мен отбасын тастап майданға келіп жетті. Алаш зиялылары топбасы, аудармашы бола жүріп, ыстық-суықты жастармен бірге көріп, оларды майданнан елге алып қайтты.

1917 жылы ақпанда Алаш көшбасшысы Ә.Бөкейхановтың жорамалы дәл шығып, II Николай патша тақтан бас тартты. Осы жылы алаш қайраткелері 5-13 желтоқсан аралығында Алашорда үкіметі мен Алаш партиясын құрады. Үкіметтің Ұлт Кеңесі 15 адамнан тұрды. Олар: кешегі хандар мен атақты әулеттердің ұрпақтары еді. Бұлар: Әйгілі Көкжал Барақ сұлтанның ұрпағы Санкт-Петербург Орман институтының, экономика факультетін үздік бітірген Әлихан Бөкейханов; Шақшақ Жәнібек батыр ұрпағы Қазан университетінің заң факультетін алтын медальмен бітірген Ахмет Бірімжанов; Атақты Торғай датқаның ұрпағы Санкт-Петербург императорлық университетінің заң факультетін алтын медальмен тамамдаған Мұстафа Шоқаев; Томск технология институтын үздік аяқтаған Әлімхан Ермеков; Санкт-Петербург императорлық жол қатынасы институтын үздік бітірген сарқандық Мұхамеджан Тынышбаев; Санкт-Петербург университетінің шығыс тілдері факультетінің үздік дипломанты Бақыткерей Құлманов; Қазан университеті заң факультетінің үздік дипломанты Базарбай Мамытов; болыстың баласы, Омск семинарисі, тұңғыш алаш әскерінің қолбасшысы Отыншы Әлжанов; Қазан университетінің заң факультетін күміс медальмен бітірген Уәлитхан Танашев; Санкт-Петербург Императорлық университетінің заң факультетінің үздік дипломанты Жаһанша Досмұхамедов; Санкт-Петербург әскери-медицина Академигінің үздік дипломанты Халел Досмұхамедов; Санк-Петербург Императорлық университетінің заң факультетін үздік бітірген Айдархан Тұрлыбаев; Москва университетінің физика-математика факультетін алтын медальмен бітірген Халел Ғаббасов; Санкт-Петербург Императорлық университетінің заң факультетін үздік тамамдаған Садық Аманжолов; Санкт-Петербург Императорлық университетінің заң факультетін алтын медальмен тамамдаған Жақып Ақбаев болды.

1917 жылы желтоқсанда өткен Ұлт Кеңесіне 81 делегат қатысты. Соның ішінде Қапал уезінен барған – Есенқұл Маманов болды. Е.Мамановтың әжемнің кіші әкесі және тұңғыш қазақ меценаты екенін үстімізде жаздым. Алашорда үкіметінің төрағалығына үш кандидат ұсынылды. Сайлау кезінде Ә.Бөкейханов-40 дауыс, А.Тұрлыбаев-20 дауыс, Б. Құлманов-19 дауыс жинады. 2 делегат қалыс қалған. Есенқұл Мамановтың Әлекеңді қолдап дауыс бергенін әжем; Есенқұл ағаны кіші аға деп атаушы едім. Сол кісі Орынбордан келгенде «Әлихан төре өте шешен кісі екен,өзі ақсүйек, болған жердің адамы. Білім қандай,сұсы қандай! Патшаңда сондай-ақ болған шығар. Шардың көбін сол кісіге салды. Қазақтың көсегесін көгертсе тек Әлекең көгертеді»- деп отырғанын талай естідім деп әңгімелейді екен. Сайлауда Ә.Бөкейханов қазақ халқының ендігі басшысы болып сайланады. Осы сайлау біз білетін қазақ тарихындағы бірден-бір ӘДІЛЕТТІ САЙЛАУ деп білемін.

Алаш зиялылары бірі қалмай ұлт жолында аянбай еңбек етті. Көпшілігін 1918-1938 жылдардағы саяси репрессиялар алып кетті. Аман қалғандары 1980-інші жылдарға дейін кеңес үкіметі бақылауында болды. Алаш зиялылары ғылым, әдебиет, аудармамен айналысып қашан атылып кеткенше халқына қалтқысыз қызмет етті. Жұырда жарық көрген «Алаш энциклопедиясында» 300 адамның тізімі жүр. Алаш қайраткерлерінің қайсысы болсын ауқатты, беделді әулеттерден шыққан. Атадан қалған қыруар малды керегіне жұмсап, білімімен генерал-губернатор советнигі болып, тым болмаса тілмаштық қызмет атқатып, байлығын өсіріп жата берулеріне әбден мүмкіншіліктері болды, бірақ, олар керісінше алған білімі мен атадан қалған байлықты, қиыр жайлап, шет қонған, қиналған, күйзелген, алданған, торыққан қазағына арнады. Әсіресе, Әлекең ата тегінен үзілмей келе жатқан бекзат мінезін ұстанып тайқымады, ойланып толқымады. «Қазақ баласының қақысы, хан баласында кетіп жүр еді. Тірі болсам қазаққа қызмет етпей қоймаймын!» деп серт беріп еді. Ант жолынан, серт жолынан қайтпады. Асыл жаратылысына біткен ақсүйек мәрттігінен айнымай осы жолда мерт болды. Мақалада айтпағым Алаш қозғалысының бел ортасында жүрген, суығына тоңған, ыстығына күйген Ақсу-Қапал өңірінен шыққан қайраткерлердің болғандығы еді. Мақсаттарына жете алмай, қазағына еңбегін жартылай беріп қана үлгерген, репрессияда қыршын кеткен Есенқұл, Мырзахан, Біләл сияқты дегдарларды атап өту болатын. «Тас түскен жеріне ауыр» деген,осы аталған тұлғалар аман болса, өңірдің дамуы өзгеше болар-ақ еді. Айналып келгенде бұл тарих бүкіл алаштың орындалмаған арманы, оның ішінде Ақсу-Қапалдың мәңгілік мұңы.

Ербол ТОҒЫЗБАЙ.

Елге сыйлы Ғабит ағa зейнеткерлік жаста!

Адамның ниеті, ойы, іс-әрекеті шындыққа негізделгенде адам өзіне де, өзгеге де адал болады. Адал болу кез – келген адамның өз қолында. Ол біздің ішкі жан-дүниемізден бастау алады. Адамның көңілі таза, пейілі кең, адал, шыншыл болғанда әділдікке қол жеткізеді.

Осындай адамдық пен адалдықтың келбеті бола білген азамат Мұсабаланов Ғабит Ахметқожаұлы десек, артық айтпағандығымыз. Ауданымыздың, ауылымыздың өркендеуіне жанашыр тұлғалармен қуатты десек, Ғабит ағамыздай азамат өзінің терең ойлы дүниетанымымен, еліне деген сүйіспеншілігі бір төбе. Ғабит ағамыздың салиқалылығы, қоғам ісіне берілгендігі, туған халқына, еліне қолдан келгенше аянбай адал қызмет ету ниеті оның барлық ісінен менмұндалап көрінеді.

Бұл кісіні жақсы білетіндер оның іскерлігін, белсенділігін, қандай да бір іске құлшына кірісетінін, кімнің де болса тілін таба білетінін, қарапайым халықпен етене араласатынын, қоғамдық, әлеуметтік, мәдени, рухани шаралардың ешбірінен қалыс қалмайтынын айтады. Адам баласының ұзақ өміріндегі бел - белестердің бәрі де елеулі саналса керек. Сөйтсе-дағы зейнеткерлік жасы 63-тың орны мүлдем ерекше екені баршаға мәлім. Ағалық ардақты асудан асып, ақсақалдық мерейлі кезеңге көтерілер бұл шақтың тал түс аталуы бекер емес-ау.

Осы таңда адам өмір жолының асқар биігі – зейнеткерлік жасқа шығып отырған Ғабит Ахметқожаұлы ғұмырын ауданымыздың болашағына арнаған зиялы азамат ретінде таниды. Өзінің жарқын да салмақты мінезімен, еңбексүйгіштік қасиетімен, қоғамдық белсенділіктерімен ерекшеленіп тұратын, қажыр-қайратын болашақ ұрпаққа үлгі ретінде арнаған осы ағамыздың өмір жолын атап өтсек артық болмас. Өмір жолында еңбексүйгіштік, қоғамдық белсенділікпен ерекшеленіп, нағыз азаматтық қасиеттерге ие ірі тұлға ретінде аудан халқының игілігіне бөленіп, қызметтің ең қызықты да қиын салаларын атқарып отырған абырой-беделін атап өтпей кетуге болмас. Аудан мекеме басшыларының қатарында Ғабит ағаның есімі мақтанышпен айтылады.

Мұсабаланов Ғабит Ахметқожаұлы 1958 жылы Ақсу ауданының Есеболатов ауылында дүниеге келген. 1965 жылы Есеболатов атындағы мектепке барып, 1975 жылы «жақсы» деген бағамен аяқтайды.

1975 – 1977 жылдарда Діңгек совхозында құрылысшы болып жұмыс істейді. 1977 жылдың күзінде Совет Армиясы қатарына шақырылып, Қиыр Шығыс әскери округінде әскери борышын өтеп, Совет армиясы қатарынан босаған соң қайтадан туған ауылында құрылысшы болып жұмысын жалғастырады.

1983 жылы Талдықорған қаласындағы индустриалдық – педагогикалық техникумын «техник – электрик» мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын 1983 жылы Жансүгіров ауылындағы №135 кәсіптік – техникалық училищесінде өндірістік оқыту шебері ретінде бастады.

1989 – 2001 жылдары аралығында №135 кәсіптік – техникалық училищесінің аға шебері, директорының орынбасары, Ақсу қант зауыты директорының орынбасары қызметтерін атқарды.

2001 жылдан қазіргі уақытқа дейін республикалық «Отан» қоғамдық бірлестігі Ақсу аудандық кеңесінің төрағасы. Соңғы сайлауға дейін аудандық мәслихаттың 3 шақырылымының депутаты болды. Сол кездерде аудандық мәслихаттағы экономикалық және аймақтық даму, өндірістік салалары, аграрлық, экологиялық, кәсіпкерлік, коммуналдық қызмет жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы болды. «Нұр Отан» партиясының мүшесі. «Нұр Отан» партиясы Ақсу аудандық филиалы жанындағы партиялық бақылау комиссиясының төрағасы және саяси бюроның мүшесі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комиссия төрағасының орынбасары, аудандық қоғамдық кеңестің мүшесі, аудандағы кәмелеттік жасқа толмағандар ісі жөніндегі комиссияның және жер комиссиясының мүшесі болып жүрді. Депутаттық қызметін атқару барысында аудандағы елді мекендердің тұрғын – үй және экологиялық жағдайды жақсарту мәселелеріне және саяси қоғамдық өміріне аса назар аударуда да табысты қызмет етіп келді.

Адамгершілікті, азаматтықты сезіне білетін, қоғамдық іске деген белсенділігі, тапсырылған шаруаға жауапкершілігі сияқты ізгілікті мінезі, бойына дарыған көпшіл, ұйымдастырушылық қасиеттерімен халық қалаулысы ретінде ел сенімінен шығуды азаматтық депутаттық парызы санады. Сондықтан да болар жоғарыда аталған, бәрін бір демде атап шығуға демің жетпей қалатын қоғамдық жұмысты құлшына атқарып келді.

Ғабит ағамыз партия мүшесі ретіндегі қоғамдық міндеттерін тізіп шығу үшін дәптердің жарты бетін толтырып, сиясы таусылған қаламды айырбастауға тура келеді. Қазіргі кезде аудандық Қоғамдық кеңестің, «Ілияс қоғамдық қорының» төрағасы. Сонымен қатар «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы жанындағы партиялық бақылау комиссиясын басқарып келеді және Саяси бюро мүшесі.

Осынша ауқымды, атауларынан асқан жауапкершілік сезілетін қоғамдық істерді атқару барысында аудан аумағындағы елді мекендердің тұрғын үй, экологиялық тазалық жағдайы, т.б. мәселелерге әрқашанда назар аударып отырады. Сонымен бірге елдің саяси – қоғамдық өміріне де көңіл бөледі.

Иә, Ғабит Мұсабалановтың еңбегі елеусіз қалмаған. Ескіше атағанда «ДОСААФ»-та тура 21 жыл жұмыс істеп келеді екен. Қатардағы қызметші емес, бірінші басшы. Осы жағы ескеріліп ТМД «ДОСААФ» Орталық Кеңесінің «Еңбегі үшін» орденіне ие болған. Оның қатарында Мәслихаттың 20 жылдығы, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығы медальдары, Білім беру ісінің үздігі, Республикалық «Отан» қоғамдық бірлестігінің үздігі төсбелгілері бір бөлек. Ал, Елбасынан үш мәрте Алғыс хат алу құрметі кез - келгенге бұйыра берер мәртебе емес. 2008, 2011, 2015 – жылдары Н.Назарбаев өзі кол қойып, мөрін басқан Алғыс хаттар Ғабит ағамыздың кабинетінде көрнекті жерден орын алған. Сол Алғыс хаттың бірінің мазмұнын назарларыңызға ұсынайын:

"Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауында менің сайлау науқаныма белсене қатысқаныңыз үшін Сізге алғыс білдіремін. Қол жеткізген жеңісін баршаның ортақ жетістігі және реформаларды, қоғамды модернизациялауды одан әрі жалғастыру, әрбір отбасының, әрбір қазақстандықтың игілігі үшін ұстанып отырған бағдарымызды қолдау деп түсінетін. Сізге және Сіздің туған – туысқандарыңызға зор денсаулық пен күш – береке тілеймін!"

Шынында да қуануға, қажет десеңіз мақтаныш етуге лайық марапат емес пе. Біреу ғана болса бір сәрі, бақандай үш мәрте алғыс алған.

Енді Ғабит ағамыздың басқа хаттарын, мақтау қағаздарын тізіп жатудың қажеті шамалы. 2010-да облыстық автоинспекциядан, 2014-те Ауған соғысы Ардагерлер ұйымы үйлестіру кеңесінің Алғыс хаттары. 2015-те ауданда "Үздік депутат" номинациясы бойынша "Жыл үздігі" иегері атанған. Сонау Кеңес заманы кезіндегі Бесжылдықтың тың озаты, толып жатқан Мақтау Грамоталары бір қапшық болса керек.

Алпыс жасында Ғабит Ахметқожаұлы Ақсу ауданының «Құрметті азаматы" атанды. Бүгінгі таңда оның омырауындағы басқа төсбелгілермен бірге құрметті азаматтықтың төсбелгісі де көкірегіне көрік беріп тұр.

- 86-ның желтоқсан айында Алматыға қалай тап болдыңыз? - деп сұрадым. Ағамыз әңгімесін жалғастырды. Кеңжырадан екі жігіт, осы Жансүгіровтің бұрынғы ауыл әкімі Болат Шәріпов және Ғабит аға төртеуі Қазақ ауылшаруашылығы институтында сырттай оқыған екен. Желтоқсан айының 17-і күні аудиторияда лекция тыңдап отырғанда аласа бойлы бір жігіт есікті ашып: "Неғып отырсыңдар, елдің бәрі алаңға жиналып жатыр. Қонаевты орнынан алып тастапты",-деп хабарлайды.

Аудиториядағы бар студент өре түрегеліп, есікке лап қойса керек. У да шу, коридорда қаптаған ел. Сыртқы есікті жауып қойыпты. Лап қойған көпшілік бұза - жара далаға атқып шығады.

Сол кезде дейді Ғабит аға жанындағы Болат ағамызға: "Қазір алаңға бармасақ өмір бойы өкінеміз,-дейді де, екеуі көппен бірге алаңға бет алады. Желтоқсанның 17-і, 18-і, 19-ы күндері сол алаңда болып, көз көріп, құлақ естімеген сұмдықтың куәсі болды. Арнайы дайындықтан өткен солдаттар қазақтың жап-жас жігіттері мен қыздарын ұрып - соғып, тепкілеп, қанжоса жасап сүйретіп жүргенін көзімен көрген. Өрт сөндіргіш машиналар су шашып, желтоқсанның қақаған аязында жастарды суға малындырды.

Соларға қарап тұрып, қолдан келер шара жоқ, жүрегіміз ауырды, - деп бір тоқтады кейіпкерім.

Иә, сол бір жылғы желтоқсанда жастар көшеге шықты. Арнасынан асқан асау өзендей көше бойымен алдыға ағылды. Осы бір алып күш, асау толқынды көтерген қандай құдырет. Ол – намыс. Қазақ елін неге қазақ басқармады деген ой. Ол өз еркі бар ер болу идеясы болса керек... Бұл идея ешқандай кедергіге тоқтамас, тосқауыл болар дүлей күштен де асып түсер алып екпін еді. Бұл ой, бұл идея, ерікті ел болуды аңсау, қазақтың бойында намысы бар жастарын әділдікке көтерді. Бұл идея халық жүрегінде ғасырлар бойы қайнап, әбден пісіп жетіліп, бір - ақ сәтте кемерінен асып төгілді. Сөйтіп, жолындағы таптап өтер жойқын күшке айналды.

Содан бері 16 желтоқсан мейрам күні Ғабит ағамыз бен Болат ағамыз бір – бірін құттықтауды әдетке айналдырған. Себебі, бұл елдік үшін халықтың халық болып аталуы үшін, қазақтың қазақ болып аталуы үшін қасиетті бастама еді. Иә, Ғабит Ахметқожаұлы дәл сол үш күнде болмаса да, кейін, мүмкін қазір де сол желтоқсандағы көзімен көргендерді еске алғанда жоғарыдағы жазылғандардай ойға қалуы мүмкін. Дәл солай ойламаса да осы төңіректе ойланып, бір сәтке болса да жүрегі сыздары сөзсіз шығар-ау.

Ғабит ағамның жанұясына тоқталайын, Айгүл тәтемізбен 39 жыл отау құрып, төрт бала, төрт немере атасы болып, зейнеткерлік жасқа толып отыр. Айгүл тәтеміз аудандық ауруханада методист болып еңбек етеді. Балалары ер жеткен, өмір жолдарын өздері анықтардай жасқа келген азаматтар.

Айнұры бүгінгі таңда Талдықорған қаласында тұрады. Колледжде мұғалім. Болашақ мамандардың ұстазы. Отбасында Алдияр, Әдемі деген бүлдіршіндер ержетті. Назым болса Алматы қаласында. Колледжде есепші қызметінде.

Ұлдың үлкені - Әділет. Ол полиция капитаны. Талғар ауданында қызметте. Оның да екі баласы бар. Мұстафа-Кемаль, екіншісі - Мүсілім.

Ғабит ағамыздан немересінің атын неге Мұстафа – Кемаль?,- деп қойдыңыз дегенде, - Анау жылы Түркияға жолым түсті,-дейді Ғабит аға немересінің ерекше есімі туралы, - Сонда Ата Түріктің елін, мұражайларды аралағанда қазіргі Түрік мемлекетінің негізін қалаушы, Мұстафа – Кемаль Ата Түріктің халқына сіңірген еңбегін оқып, сол жерде ұл немерем дүниеге келсе, есімін сол кісінің құрметіне қоямын деген ой келді. Содан кейін елге оралғанда өмірге келген немеремнің атын осылай атадым. Кенже ұлдың аты - Шыңғыс. Ол әлі үйлене қойған жоқ. Талдықорғандағы университеттің студенті. Туризм саласының болашақ маманы.

Иә, менің кейіпкерім Ғабит Мұсабаланов өзінің төрт баласынан бүгінгі таңда төрт немере, жиен немере сүйіп отыр. Әлі де алда қуаныштар бар. Тұрмыс құрып, шаңырақ көтерер кенже ұл бар. Олай болса мәуелі бәйтерек деген сол емес пе. Сөз өнері - қиын өнер. Бір ауыз сөз төбеңді көкке жеткізсе, енді бір сөз жүрегіңе жара салып, тағдырыңа өшпес сызат түсіруі аяқ астынан.

Бұл күнде қуана білу, жүрген ортаңа шуақ шаша жүру, жабыққанды жадырата білу екінің бірінің ойына келмейді. Біз жазып отырған Ғабит ағамыз мақтаудан, марапаттан кем емес. Осы мақалам оның көңілін көтеріп, еңсесін биіктете түсіп, көкірегін керіп жүруіне титімдей болса да демеу болар деген ойдамыз. Өсе беріңіз, өркендей беріңіз, жан аға! Алдыда әлі алар асуларыңыз аз емес. Сол биіктерден алқынбай асуыңызға тілектеспін.

Ғабит ағамыз 63 жасқа лайықты да қошеметтеуге тұрар жетістіктермен келіп отыр. Өз еңбек жолында талай белеске шығып, ұжымның және әріптестерінің құрметіне бөленді. Ағамыздың әлі де талай асуларды бағындыратынына нық сенімдеміз!

Ғабит Ахметқожаұлының отбасына зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, еңбекте тың табыстар мен өмірдің асқақ абыройын тілейміз! Шаңырағыңызда береке-бірлік, ырыс - ынтымақ бола берсін!

Ләззат ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

ТӘУЕЛСІЗДІК ТАРЛАНДАРЫ

АСЫЛДЫҢ СЫНЫҒЫ



Еліміздің тәуелсіздік алуы - халқымыздың тарихында жаңа дәуірдің бетін ашты, бүкіл қоғамдық өмірімізге жаңа леп, серпін ала келді. Ол - баршамыз бейбіт өмірде, еркіндікті аңсаған ақ ниет, ақ тілеумен өзіміз тіккен ортақ шаңырағымыздың тәуелсіздігі. Ал енді біздің халқымыздың сан ғасырлар күресіп армандап жеткен Тәуелсіздік жылдарында аянбай еңбек етіп, еліміздің дамуына үлес қосқан алдыңғы толқын ағаларымыз бен аналарымыз жетерлік. Солардың бірі – ауданымыздың тумасы, қазақтың тұма жырлы Тұманбай ақыны «Тау баласы тауға қарап өседі» дегендей, Суықсай ауылдық округіне қарасты Ақтөбе ауылының арда азаматы, өзі еңбек жолымен туған жерінен алыста жүрсе де «Туын туған жеріне тігіп», ауылын аңсап тұратын үлкен жүректі ағамыз Кебекбаев Жұмағали Тұрсынұлы. Талғардағы өзі қызмет етіп басшылық жасаған «Талғар политехникалық колледжінің» көшесіне Ақсудың ардақтысы Барлыбек Сырттановтың есімін беруге мұрындық болды. Қазір Талғар осы атамыздың көшесімен бастау алады. Бұған қалай мақтанбаймыз. Сондықтан осы ағамыз жайлы жазайын дегенімде Жұмағали ағамыздың енді жазылып жатқан, жақында жарық көретін «Өмір өткелдері» кітабының түпнұсқасы қолыма тиіп, басынан – аяғына дейін оқып шықтым. Сонда: Мырзагелді Кемелдің «Абзалдық әліппесі» атты әңгімесінде:

«Бәрін ақшаға сатып алуға болады деп ойлайтындар өздері ақшаға тез сатылатындар. Дүниеде ақшаға сатып алуға болмайтын құндылықтар бар, соның ішіндегі маңыздысы – денсаулық пен адамгершілік, ар - ождан. Осылар болмаса байлық та, билік те түкке тұрмайды», – деген сөзі көңіліме қатты ұнады. Менің бүгінгі «Тәуелсіздік тарландары» айдарымен жазғалы тұрған мақаламның кейіпкері жерлесіміз, Ақсуды «Меккем», Талғарды «Мединем» деп санайтын, Талғар ауданының «Құрметті азаматы», Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері, спортшы, қажы Жұмағали Тұрсынұлы Кебекбаев та осы сөзді өзіне ұран еткен, осындай абырой – беделге өзінің адал еңбегімен жеткен азаматтардың бірі.

Оның өмірі мен еңбек жолын қажырлы еңбекпен, өмірлік ұстанымына адалдықпен, кешегісі мен бүгіні және болашағын мызғымас жіппен сабақтастыра отырып, мұратқа адалдықпен өрлегенін айта кеткен жөн. Маған нәр берген киелі Жетісу жері... Жұмағали Тұрсынұлы өзінің шыққан тегі мен тарихи тамыры ілтипат пен құрметке лайық ата - тегін осылайша суреттейді. Ол 1953 жылы 16 мамырда бұрынғы Қапал ауданына қарасты «Суықсай» кеңшарында, бір сөзбен айтқанда, биік таулы Ақтөбе ауылында алты балалы көп балалы отбасында дүниеге келген. Еңбек жолындағы қиындықтарды табыспен және абыроймен жеңді. Бұл оның қасиеттері мен мінез - құлық ерекшеліктеріне байланысты: Алға қойған мақсатқа жетудегі төзімділік, табандылық өмірді жақсартуға деген құлшыныс. Ол Еңбек, Адалдық, Жүйелілік, Отбасы, Достық, Тиімділік, Шығармашылық, Инновация, Спорт сияқты іргелі құндылықтарды ұстанып, өзі жасаған жолмен жүрді. Сондықтан отбасы және спорт – оның өмірлік ұстанымы. Біздің кейіпкеріміз отбасына және отбасылық құндылықтарға құрметпен және сүйсінумен қарайды. Өз бақытын, жан жарын Алматыда кездестірді, аты Клара еді, мамандығы есепші. Екеуі бірге екі ұл, бір қыз тәрбиелеп өсірді. Атасынан адам бойындағы ең жақсы қасиеттерді бойына сіңірген немерелері қазір соның жалғасына айналған. Жұмағали ағамыздың бойында агроном, мұғалім, спортшы, жаттықтырушы, басшы, кәсіпкер, директор сияқты барлық мамандықтар жинақталғандықтан, өзінің қасиеттері жағынан ерекше тұлға.

Достық демекші туып - өскен Суықсай ауылындағы Ю.Гагарин атындағы орта мектепті бітіріп, Қапалдағы мектеп-интернатта оқып, кейін әскер қатарында әскери борышын өтеу кезінде, қазіргі уақытқа дейін ер мінезді, достары көп болды. Солардың ішінде ол өзінің бала күнгі досы, бұрынғы Білім және ғылым министрі, сенатор Бақытжан Тұрсынұлы Жұмағұловпен бірге Германияда танк әскерінде де бірге қызмет етті. Оның тамаша жолдас, жауапты және тәртіпті жауынгер болғанын атап өтеді.

Әңгімемді осы кітапты оқи отырып көңілге түйген сырларымды «Ақынға қара сөзден өлең оңай» дегендей өлеңмен өрген ойыммен бастасам:

Кім біледі Жұмағали Тұрсынұлын?
Кешегі таудың ерке, қырсық ұлын.
Бүгін енді ардақты ата болып –
Ақсуым жеміс берді бұл шыбығың.
Қамын жемей басының, құлқынының,
Бәрін сырып дүние жылтырының.
Туып өскен жеріне туын тігіп,
Жамау болған ауылға жыртығы мың.
Өзіңізбен танысып былтыр інің,
Бүгін енді ақтарды сыр тұнығын.
Ауылдас, бауырласқа жеткізейін,
Ағаның жүрегінің дүрсіл үнін
Жары болып Талғардың сылқымының,
Өз қолымен жасады тіршілігін.
Қалдырған білім, спорт саласына,
Ағаның кейінгі ұрпақ білсін ізін.
Ойланып елдің ертең, бүрсүгінін,
Шешімін тапқан өмір тылсымының.
«Тәуелсіз ел тарланы» құтты болсын,
Еңбекпен көтерілген бұл тұғырың
Ағаны құрметтесе жұрты бүгін,
Қалайша қуанбайды шіркін інің.
Мекке барған қажылық қабыл болсын,
Оқыған намаз бенен құлшылығың.

Ары қарай сөзбенен жеткізейін, өмірдегі өкініш, күрсінуін. Ол не өкініш? ...

Ер жеттім, Әке, сенімің енді ақталар,
Боламын балаң әркімге ертең мақтанар.
Бүгінгі уайым, бүгінгі қайғың болған ұл,
Бір күні сенің басына қонған бақ болар! – деп торғайлық ақын Саят Әбенов жырлағандай, өзі әке, өзі ата болған 70 – ке таяған шағында: Жұмағали ағамыз «Ес біліп, ат жалын тартқаннан бері әке шешемнен алыста тұрдым, жылына бір рет, ары кеткенде екі-ақ рет келетінмін. Ауылға келгенде де олардың жанында көп болмай, ауылдағы таныстарды, туыстарды аралап, қыдырып кететінмін. Бұл да бір өкінішім. Ата - анаң сені жыл бойы сағынышпен күтеді, ал сен болсаң олардың мауқын басқанның орнына қыдырып жайыңа кетесің, Шерхан ағамыз айтпақшы, бір кем дүние...» деп өкінішін, балалықпен, шалалықпен жіберген қателігін даналықпен өтеу мақсатында Ұлы Отан соғысының ардагері, еңбек ардагері Әкесі Тұрсын Қалимолдаұлына өзінің туып – өскен, еңбек сіңірген ауылы Суықсайға көше атын беруді жоспарлаған. Оған ауыл жұрты да қолдау білдіруде. Қазақстанның шекарашы генералдарының да Аксу ауданының Әкіміне жазған өтініші де бар. Сондықтан да, Суықсайдан көше атын беруге лайық деп білеміз.

Ендеше, Кебекбаев Тұрсын Қалимолдаұлы туралы ұлы Жұмағали ағамыздың өзін сөйлетейік.

– Әкем Тұрсын Қалимолдаұлы 1923 жылы 23 тамызында туған, орта бойлы, қараторы, қою қасты, томаға тұйық адам еді. Көп сөйлемейтін, бір сөйлесе ашылып сөйлейтін, калжыңдағаны да жақсы көретін. Ол көп жұмыс істейтін, өйткені әкемнің пайымдауынша, ер азамат алдымен өз Отанының азаматы, содан кейін ғана ол - ұл, аға, әке. Сондықтан бес баланың тәрбиесі анамның мойнында болды. «Жақсы жар - жігітке біткен бақ» демекші, анамыз біздің әкеміз үшін үлкен бақ болған адам. Соны жете сезінгендіктен бе балалар үшін сен жауаптысың дейтін анамызға. Бірақ бізге үйде тәртіп орнату үшін әкеміздің қас - қабағы да жеткілікті еді. Өйткені әкеге бағыну - Аллаға бағыну, әкеге қарсы шығу - Аллаға қарсы шығумен бірдей екенін біліп, соны зердеге тоқып өскен ұрпақпыз. Соған сай әкеміз барлық қазақ ер-азаматтары сияқты балаға қамқорлықпен қарады, ұрсу, жазалау дегенді білмейтін. Әкеміз бен анамыз өте жарасымды жұп болды. Әкемнің екі қарындасы бар еді, олар – Тұрар мен Мағрипа. Тұрар апам 1927 жылы туған, марқұм кайтыс болған, Мағрипа 1935 жылы туған, Талдықорғанның жанында Қарабұлақ селосында тұрады. Басқа туыстары жоқ. Әкем де, анам да зиялы әулеттен шыққан жандар.

Әкем марқұм өте шебер адам еді, ең аяғы киім пішу, іс те тігетін. Тіпті, шешеме көйлегін пішіп беретін, етік тігу, радио, телевизор жөндеу де қолынан келетін. Мен ес білгенде әкем ауылда есепші болып қызмет істейтін, ауыл жұмысшыларының еңбекақысын жазатын. Кейін пошташы болды, күнара 50 шақырым совхоздың орталығынан салт атпен пошта әкелетін. Осы ретте жерлес ақын Мұқатай Қауысовтың әкем туралы жазған өлеңі ойға оралады.

ТҰРСЫН АҒА ГАЗЕТ ЖАРШЫСЫ

Ақтөбенің ұл-қыздары болсын деді
кемеңгер,
Деген оймен газет таратты орталықтан
майдангер.
Сауатты боп, оқып білім алсын ұрпақтар,
Кейін таман шығар бәлкім қаламгер.
Газет, журнал оқығанның көп қой білсең
пайдасы,
Көзі ашық болсын деген, жоқ арамдық
айласы.
50 шақырым ат үстінде, қапырықпен
аязда,
Бірдей білсең еңбектері мейлі шахтер
қайласы.
Әкесінің жолын тосып Қарлыға мен
Қаршыға,
Көзін сүзіп отырды ма газет деген
жаршыға?
Ақтөбенің елмен жұртын сусындатқан
газетпен,
Аға өмір тірліктері ұқсағанды алшыға.
Бұзау бағам, жол бойында су иірім
тасында,
Су ішемін ағаменен бұлақ, тұма
басында.
Майдангердің ыстық - ыстық алған демі
расында,
Көз алдымда қалып қапты, тотыққан
аға өң - жүзі.
Иен дала, ұзақ жолда ат үстінде
тірлікпен,
Достасып та кеткен еді, аға менен
ен түзі.

Қазір ойлаймын, шалғайдағы елге газет - журналды күнде оқу керек пе еді, аптасына бір рет әкелсе де болар еді ғой деп. Жұмысына деген адалдық қой, қысы - жазы, аптап ыстық пен аязды боранға қарамай поштаны күнара 50 шақырым жерден атпен таситын. Оны мен түнімен сұрыптап, әкем әркімнің тапсырған газет - журналын бөліп, ертеңінде әр үйге таратып беретінбіз. Сол кезде ауылдың азаматтары жазылған газет - журналдарды мен түгел оқып шығатынмын. Осы әрекеттер орыс тілін үйренуге, білімімді, ой-өрісімді кеңейтуге көп себін тигізді. Ауыл балаларына қарағанда мақтануыма болады, әлемде не болып жатқанын, елдегі болып жатқан оқиғаларды олардан ертерек білетінмін. Әкем 1942 жылдың мамыр айында әскер қатарына шақырылып майданға аттанып, содан 1951 жылы ғана оралыпты.

Тұйық адам болғандақтан ба, әлде тағдырдың тауқыметін көп тартқандықтан ба соғыс туралы көп айтпайтын, ол туралы киноларды да көрмейтін еді. 18 армияның 40-погранотрядының құрамында соғысқа қатысыпты. Кавказ операциясына, Новоросийскіні, Сталинградты қорғауға қатысқан екен. Майкоп, Гомель, Днепропетровск, Крым, Севостополь, Ялта, Бакшасарайды азат ету соғыстарына қатысыпты. Осыдан кейін әскери бөлімді қайта жасақтап 3-Беларус майданының 39-армиясының 97-погранотрядына қосыпты. Одан ары қарай Смоленск, Курск, Кенисберг майданында соғысқан екен. Одан ары әскердің азайуына байланысты 39 армияның 24-шекара отрядына қосыпты. Соғыста көрсеткен ерліктері үшін «Қызыл жұлдыз» медалімен, III дәрежелі Даңқ орденімен, II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, «За оборону Кавказа», «За боевую заслугу», «За взятие Кенисберга», «За победу над Германией» медальдарымен марапатталған. Тәуелсіз мемлекеттер кеңесінің 1995 жылдың 26 майындағы шешіммен Кеңес одағының маршалы Г.К.Жуков медалімен марапатталды. Бұдан басқа әкем Ұлы Жеңістің 30 - 40 - 50 жылдық медальдарымен Қарулы күштердің 60, 70 жылдық медальдарымен марапатталған. Соғыстан кейін халық шаруашылығына сіңірген адал еңбектері үшін Талдықорған облысының атқару комитеті халық депутаттар Кеңесінің 1984 жылғы 22 Тамыздағы шешімімен және Советтер Одағының Жоғарғы Кеңесінің шешімімен «Еңбек ардагері» медалімен марапатталды. Ұлы Отан соғысының 50 жылдық жеңісінің тойлануына байланысты Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың жеке құттықтауына ие болады. Қазақ ССР-інің Байланыс Министрлігінің 1975 жылдың 16 қазанындағы шешімімен «Социалистік жарыстың жеңімпазы» төс белгісімен, 1994 жылдың 10 наурыз күнгі Украина Президентінің жарлығымен «50 років визволення України» марапатын алған.

Тіпті анамыз, әкеміздің жұбайы Өтелбаева Қапипа Нұрмұханбекқызы да соғысқа қатысып, ұрыс даласында жаралыларды құтқарып, 2 - Украина майданына қатысқан. Екеуі бірге 5 бала тәрбиелеп өсірді.

Еліміз Тәуелсіздік алған алғашқы жылдары әкесі Тұрсын Кебекбаевтың ерліктері туралы майдандас досы жазған мақала аудандық газетте жарық көрген екен. Ол кезде газеттің аты "Өмір нұры" болатын. Жұмағали ағамыздың өмірдегі тағы бір өкініші сол газетті сақтап қоймағаны. Қазір архивтерді ақтарып таба алмай жатырмыз. Ол кездегі майдандас аталарымыздың барлығы өмірден өткен, ал, газетті архиві ешқандай жерде сақталмаған. Егер оқыған адамдар болса, сол газетті сақтап қойған көне көз қариялардың есінде болса тауып алуға көмектессе жақсы болар еді. Бірақ әлі іздестіріп жатырмыз. Егер табылып жатса газетіміздің алдағы номерлерінің бірінде қайта жариялаймыз деп ойлаймын.

Жұмағали Тұрсынұлы лайықты ата - ананың перзенті ретінде әке есімін мәңгілікке қалдыруды парыз санады. Әкесінің есімін өзі туып - өскен Суықсай ауылдық округі, Суықсай ауылының көшелеріне ұсынып, осы еңбектерін ескеріп, Суықсайдағы Жота деген көшеге атамыздың есімін берсе деген тілегіміз бар. Бұл Жота деген көшеге ешкімнің атын бермеген, жотадағы үйлер тұрған көшені Жота деп атап кеткен екен, Жота жер, су атауы емес. Суықсай ауылы Бүйен өзенінің екі жағына сайда тұр, кейін совхоздың автогаражы орналаскан жотаға үйлер салына бастапты, тұрғындардың үй құжаттарын рәсімдегенде тұрған жерін Жота деп атаған, содан барлық адрестік құжаттарда көше атауы «Жота» болып кеткен. Сол жота атауын Ұлы Отан соғысының ардагері, сол елге еңбегі сіңген Тұрсын Кебекбаев атын беруге өтініш беріп, соған жұмыс жасауда. Әкесі Тұрсын Кебекбаевты сол округтің тұрғындары жақсы біледі. Елге сыйлы адам болған. Аудан басшылары, ауыл әкімдігі, аудандық онамастика бөлімі бұл өтінішімді қолдап, жерге қалдырмас деп сенемін – дейді батырдың ұрпағы Жұмағали ағамыз. Біз де сенеміз.

Ербол СЫМХАНОВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

ҚР ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ 30 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН "ҰЛЫ ДАЛА" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БАЙҚАУЫНА

ЖАХАНДЫ ЖАҢҒЫРТҚАН ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛЫ АДАМЫ

Ұлы дала Әл-Фараби мен Яссауи, Күлтегін мен Бейбарыс, Әз Тәуке мен Абылай, Кенесары мен Абай және басқа да көптеген Ұлы тұлғалар шығарып дүниеге әкелді.

Н.Ә.НАЗАРБАЕВ:
«Ұлы даланың жеті қыры мақаласынан».

Ұла даланың елі сүйген Ұлы адамының саясаткерлік сырларына, қайраткерлік қасиеттеріне мыңның қолынан келе бермейтін құлашы жетіп уысына сия бермейтін күрмеуі қиын, күрделі мәселелерді адами, азаматтық, кісілік, бекзаттық болмысымен шешіп отыруын күллі әлем мойындап келеді емеспе.

Ұлы дала деп қаншалықты мақтанып марқайсақта сол Ұлы даланы соның ішінде тарихи сананы қалыптастырудың нақты бағыттарын саралап, халқымызды рухани жігерлендіріп, болашақ жолын айқындап «Өз тарихын білетін ел ешқашан жеңілмейді» дейтін қағиданы қалыптастырып, «Ұлы дала мәдениеті» дегенійне көтеріп отырған Елбасымыздың ерен енбегі. Ендеше, Ұлы дала десек – оны қалыптастырып отырған Ұлы адамының есімі ұлы даласыман, даналығымен егіз есім десек елі сүйген халқы қателеспейді. Дәл қазір ғаламдық тарихи – әлуметтік жағдайда отандық тарихтың маңызын ашты, оның орнын айғақтау жолында қыруар істер атқарылып жатса оны анықтайтын дүние – Ұлы дала ұғымы. Бұл дегеніміз кең ауқымды мәдени өріс. Кезінде бұл тақырыпты зерделеп, зерттеп жүрген адамдар жоқтың қасы еді. Енді міне, Ұлы дала Тәуелсіздігін алып Елбасының арқасында көшпелі қоғамның тарихи маңызын ашып айтуға зор мүмкіндік туып отырғанының нақты куәсіміз. Өйткені, біз-қазіргі қазақ халқы-Ұлы даланың тұрғыны, оның тарихы- Ұлы даланың тарихы, дәл қазір біз Ұлы даланың кіндігінен орын алып отырмыз,-десек оның нақты мұрагеріміз деп нық айта аламыз. Яғни, біздің - ұлы халық – қазақтың ұлттық болмысы Ұлы даланың мәдени өрісі арқасында пайда болып отыр емес пе! Ендеше әрқашанда Ұлы даламен мақтанып, Ұлы даланы неге дәріптемеске? Байырғы бабаларымыз Ұлы даланың теңдессіз құндылықтарын бойларына сіңіріп өсіріп, ұрпақтан-ұрпаққа жалғастыруы заңды құбылыс екенін көріп келеміз де. Ал, ең үлкен құндылық Ұлы даладағы көшпелі қоғамның әр дәуірдегі әр саладағы табыстары дер едік. Ұлы дала өркениеті технологиялық тұрғыдан кенде қалған емес.

Сонау ғұн-сақ-скиф дәуіріне тән өнер туындылары «Аң стилі» дейтін бейнелеу мәнерін теңдессіз тұрғыда өмірге әкелді. Бұл тұрғыда Ұлы дала тарихына қысқа ғана көз жүгіртсек атақты Атей Филипке былай деп айтып-ты: «Сен адамдармен соғысуға үйретілген македондықтарға билік етесін, мен –аштыққа да, шөлге де төзімді скифтерге» басшылық етемін. Сөйтіп астындағы атын тазалап жатып Филипптің елшілерінен сұрап: «Филип осылай істей ме?» Тамаша сыбызғышы Исмениянды тұтқынға түсіріп оған сыбызғыда ойна деп бұйырады. Барлығы соның ойнынан таңданыс білдіргенде, ол жылқының кісінеуін сыбызғыданда артық көремін- деп ант-су ішіпті.

Енді қараңыз қаншы дәуір өтсе де қазақтың Ұлы даласындай мандайына іргелі елі сыйған мейірімді, мерейлі жұмсақ жүзінен имандылықтың, шапағаттың нұры төгілген Елбасымыз атқа міну мәселесін айту арқылы Ұлы дала мәдениетінің ұмыт қалған қырын қозғап отырған жоқ па. Я, ерте дәуірдің өзінде бабаларымыз жылқыны сұрыптау, будандастыру, сапаландыру, тәулігін жүз шақырым желіп өтетін жорық аттарын дайындаудың биологиялық әдістәсілін жете меңгеріп отырған. Бұдан жоғары , бұдан құнды Ұлы далада қандай мәдениет болуы мүмкін дейміз.

Шындығында Ұлы дала тұрғындары табиғатпен тұтасып өмір сүрген, оның жаратылыс заңдылығын жете меңгеріп отырған.Өмір сүріп отырған ортасына көзінің қарашығындай қарап қамқорлық жасап, табиғаттың қас-қабағын жазбай танитын сұңғыла болғаны тарихқа тәнбелгілі. Бұл дегеніміз ешқандай оқымыстылық емес тек табиғи таланттылықтың қан мен бірге келетін түйсік - танымының ерекше бір қасиеті. Яғни, Ұлы далалықтар еуро центристер айтып жүргендей тек қой баққан ел емес, ой баққан білімнің отын маздатқан ел екенін танытып келеді.

Ойды ой қозғайды десек қазіргі жапа тармағай әскери күш-қуаттарын көрсетуге ұмтылушылар пайда болып этносаралық, конфессияаралық шиеліністер қозғалып жатқан шақта Қазақстанның Ұлы даласы бейбіт өмірдің бесігіне айналып отырғаны, Елбасының түрлі этнос пен дін өкілдері мекендеген елімізде қоғамдық келісімді өнеге бастамасы, әрбір пікірі әлемдік қауымдастық тарапынан жоғары бағаға ие болуда. Сонымен қатар Елбасының жарық көріп жатқан кез келген енбектерінде тарихи оқиғаларға толы. Бұл тұрғыда кезінде Н.Назарбаев «Рухы мықты халық қана мықты мемлекет құра алады» деп жазып өзін сүйген ұлтының тарихына терең үңіліп, сонау 1994 жылы «Тарих толқынында» атты кітәп жазып «Мен өз халқымның кемінде бес мың жылдық тарихын білуім керек» деп, әрі қазақ руханияты өркениетінің негізгі он екі жолын ашып көрсетіп еді. Ал, «Тәуелсіздік дәуірі» кітәбінда сонау 1991-1995 жылдар аралығындағы тәуелсіздік дәуіріндегі бастапқы ең қиын жылдар көзге оралады. Әрине, бұл қиындық тәуелсіздік алған әр мемлекеттердің басында бар еді. Бірақ солардың ішінен алға суырылып шыққан Қазақ елінің Орталық Азия өңірі көшбасшысы болуы Елбасымыздың Ұлы даламыздың қауіпсіздігі мен татулығын ойлаған көрегендігі еді. Бұл ширек ғасыр ішінде халықаралық деңгейде мойындалды да. Сол сияқты Ұлы даланың Ұлы адамы Елбасының БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің төрағасы ретінде Нью-Йорктан бүкіл әлемге таралған 25 баптан тұратын нақты мәлімдемесіне жоғарғы баға беріліп бұл бағытта жаңа леп пайда болғаны тағыда мойындалды.

Ұлт тек қана ұлттық ынтымақ жағдайында ғана өз мүддесіне жете алады десек сан жылдар бойы халықтық қасиетімізден айырып, ұлтсыздандыруға, тарихынан айырып, рухсыздандыруға бағытталған отаршылдық дертінің емшісі – Елбасы бола білді.

Енді Ұлы дала елінің алдындағы ең үлкен мақсат 2050 жылға дейін дамыған 30 елдің ішіне кіру екені айдан анық. Міне, Елбасы Ұлы дала халқын бірыңғай - біртұтас ұлт болуға бастап отыр. Елі сүйген Елбасының мына тұжырымында «Тәл тарихын білетін, бағалайтын және мақтан ететін халықтың болашағы зор болады деп сенемін»,- дейді.

Олай болса Мәнгілік ел – Ұлы даланы қалыптастыру жолындағы міндеттерді орындау болашағымызды, келешегімізді кемелдендіріп жарқын етері сөзсіз.

Мәлс АЙТБАЕВ,
Қ.Сәтбаев атындағы орта мектеп - гимназиясының тарих пәнінің мұғалімі.

МӘДЕНИ МҰРА

СЫР БҮККЕН БАЛАСАЗ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру», «Ұлы Даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақалалары байлығымызды түгендеуе септігін тигізуде. Осыған орай жас ұрпаққа туған жердің сырын ашу мақсатында экспедиция ұйымдастырылған.

Суықсай ауылдық округ әкімі Ғалымжан Мерекенов, тарихшы Ербол Бекболатов,Ю.Гагарин атындағы орта мектеп ұстаздары А.Қанабекова,Э.Баубекова, кітапханашы Б.Мамбетова,мәдениет қызметкері А.Чемомбаева және мектеп оқушылары Баласаз ауылының тарихымен танысып қайтқан болатын.

Жыр дүлділі Ілияс Жансүгіров «Жетісу суреттері» деген өлеңінде бұл өлкені былай суреттейді.

Аршалы, амантекше,Қарасырық,
Қараүңгір,Қалмақасу,Қаражырық,
Сауыры Салқынбелмен Сайымбөлек,
Суығы соғып тұрады аласұрып.
Қымызын сол жайлаудың ішкен кісі,
«Бәйгеге» қосады өзін таң асырып.
Шоқысын Бүркіттінің Үшбүйенге,
Қойыпты сәукеледей жарастырып.

Ілияс жырға қосқан Бүйен өзенінің жағасында, қатпарлы қалың таудың ортасындағы жазықта үркердей ғана Баласаз ауылы орналасқан. Ауылдың қысы жылы, жазы салқын. Қыр желкесінде Жоңғар Алатауы Көлбей созылып жатыр. Қойнауы толы аң мен құс, бөктері көк шалғын. Үш бірдей сарқырап аққан өзен, аттаған сайын бұлақ кездестіресің. Баласаздың Мандайшоқысынан асып түскенде төбесі біраз опырылған алып мазар тұр. Бұл арғы бабасы Шыңғысхан, бергі атасы Абылай хан, ақсүйек әулетінен тарайтын Аталықтың сұлтаны Омар төре Серғазыұлының зираты. Салынған уақыты шамамен 150 жыл бұрын. Омар төре Серғазыұлының туған жылын, билік лауазымын, ата-тегін, шежіресін, Ресей архивінен тапқан тарихшы Ербол Бекболатов бауырымыз.

Болатбек Насеновтің «Мәскеу мұрағаты сөйлейді» кітабындағы деректе: «Серғазы Омарұлы 1811 жылы туған. Аягөз өңіріндегі сұлтан, би, старшын, құрметті қырғыздар және шені бар тұлғалардың 1850 жылғы ауызша айту бойынша, 1851 жылғы 15 наурыздағы тізімде № 872 болып тіркелген. Серғазыұлы Омар Көшектен тараған. Омар Серғазыұлы Аталық-матайдың сұлтаны болған. Жасы 39-да. Бай адам. Қыстауы – Баласаз. Мандайшоқы. Жайлауы – Желдіқарай. Аягөзден 330 шақырым қашықтықта. Архив дерегінде Омар төренің шежіресі де таратылған. Онда Абылайдан – Қамбар, Қамбардан – Сәнияз, Сәнияздан – Көшек, Көшектен – Серғазы, Серғазыдан – Омар, Алқан тарайды», – деп жазылған.

Омар төре атаның күбезінің қасынан өткен адам міндетті түрде Құран бағыштайды. Әйел адамдар алыстан аттарынан түсіп, міністерін жетектеп өтеді. Ұжымшар кезінде бастықтан қорыққан бір бригадир әйел сол жерден атпен өткен екен, көп ұзамай аты тулап, құлап, аяғы сыныпты. Омар Серғазыұлы тірі кезінде мазарды аттың қылы мен ешкінің қылшық жүнін ешкі майына қосып батпаққа араластырып жасатқан. Батпақты бір үйір жылқымен илеткен екен. Шаршап, құлаған жылқыны бірден сойып, ауыл адамдарына таратып жіберіп отырған. Ішін бөлмелерге бөліп, күмбез қылып салдырыпты. Қаншама жылдар өтсе де мазар әлі сақталып келеді. Үлкендердің айтуынша, күмбездің ішінде алтын дүниелер болған. Үлкен самаурыннан кеш бата күмбірлеп үн шығып тұрады екен. Таң ата музыкалық әуен тоқтайды. Желдің әсері емес. Шағын ғана есігі бар күмбезге жел кірмеген.

Баласаздың күншығысында, жартастың саңылауынан сыздықтап, тамшылап ағып жатқан су дертке дауа. Көпшілік оны «Шипалы Тамшыбұлақ» деп атайды. Бастау – Тұрсын төре тауында. Бұлаққа ертеректе сырқатына шипа іздеген адамдар келіп суын ішіп, емделген. Жолы жабылған, қиындыққа тап болған, нәресте сүйе алмағандар тұмадан су ішіп, тілеу тілеген. Баласаз ауылының тұрғыны Қ. Нүсіповтің айтуынша, анасы Заухия апа жағы қисайып ауырыпты. Сол кісі шипалы судың арқасында денсаулығын қалпына келтіріпті. Тамшыбұлақ мыңдаған жылдардан бері дертке шипа, жанға дауа.

Тұрсын төре тауы Омар, Алқан төрелердің ұрпағы Тұрсын атымен байланысты. Атамыздың ұрпақтары Талдықорған қалалық білім бөлімінің меңгерушісі Жандос Жолдықанов бауырымыз бен журналист Гүлжан Тұрсын екен.

Баласаздағы тағы бір ерекше жәдігер марқұм Жаңғазы Бекболатов ақсақалдың меншікті жері Көксай аузында тұрған «Тоғызқұмалақ» тасы. Тастың көлемі 700х70 см., салмағы шамамен 300-350 келідей болады. Бетіне екі бағытта ойын тақтасы ойылып, қашалып жасалған. Ең бір ғажабы, осы тастың жанында тұрсаң жан-жағың түгел алақандағыдай көрінеді. Соған қарағанда заманында жауынгерлердің қарауыл бекеті болды ма екен деп ойлайсың. Күнбатыс жақ қапталында бұрын еш жерде кездеспеген көне белгілер қашалып салынған. Тоғызқұмалақ тасы ашық аспан астында тұрғандықтан болар, жылдан-жылға мүжіліп, тозып бара жатыр. Ербол тарихшының айтуынша, бұл жәдігер 400-500 жыл бұрын жасалған. Сол кездің өзінде бабаларымыз осындай тоғызқұмалақ ойнаған дейді. Баласаздан күнбатысқа қарай жүре берсеңіз Баянжүрек пен Алатаудың ортасында жазықта орналасқан Қойтас ескерткіші бар. Қойға, кейде сиырға ұқсайтын қойтастың сырты үлкен тас шеңбермен қоршалған.

Қойтастан шеңбер шегіне дейін тік тас тізбесі бар. Бұл орын «Қалақай шатқалы» деп аталады. Мұнда 90 метр шамасында үлкен тас, ал шеңбердің ортасында үлкен қойтас тұр. Оның айналасында орташа және ұсақ тастар шармыққа (крестке) ұқсас тізбек өрілген. Төбеден қарайтын болсақ, ежелгі мифтік рәмізге келеді. Күн, әлем және уақытты білдіруші екенін аңғару қиын емес. Сонымен бірге, Күннің батысы мен шығысын ғана емес, жұлдыздардың қозғалысы, Ай мен басқа да планеталарды басқаруға арналғандай. Толық шеңбер мен оның құрамдас бөліктері аспан шырақтары мен қозғалысын көрсеткен. Ежелгі обсерваторияның арқасында алуан түрлі дәстүрлі болжам және сәуегейлікке сеп болатын астрономиялық күнтізбе секілді жұлдызды аспанның картасы болуы да ықтимал. Бұл «обсерваторияның» нақты қашан жасалғаны белгісіз.

Алақандай Баласаздың маңында көптеген сыры белгісіз, жұмбақ тарихи мұралар бар. Оқушыларға көрсетеміз деп барып, өзіміз де табиғат аясында тұнып тұрған, ашылмай, айтылмай жатқан жәдігерлермен танысып қайттық. Бізбен бірге жүріп, білмеген, айтылмаған жер тарихын әңгімелеп берген Ербол Бекболатовқа алғысымыз шексіз.

Айтжамал ЧЕМОМБАЕВА,
Суықсай ауылдық мәдениет үйінің директоры.

Жемқорлыққа жол жоқ

Сыбайлас жемқорлық - мемлекеттік қызметтер атқаруға уәкілетті адамның, не оған теңестірілген адамның, лауазымды адамның қызметтік өкілеттігін өзі немесе басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда мен артықшылық алу не басқа адамдарға ұйымдарға зиян келтіру мақсатында қызмет мүдделерін теріс пайдалану нәтижесінде жеке адамның заңды құқықтары мен мүдделеріне, қоғам, мемлекеттік заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзуға әкеліп соққан заңсыз іс-әрекеттер. Қарапайым тілмен айтқанда, сыбайлас жемқорлық дегеніміз қызмет дәрежесін жеке мақсатқа пайдалану. Сыбайлас жемқорлықты білдіретін белгілердің бірі- пара алу немесе беру. Әсіресе, халық осы парақорлық дертімен жиі бетпе - бет келеді.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың, ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындаулын қамтамасыз етуге міндетті. Қазіргі заманғы цифрлық технологиялар мен ғаламтордың мықты мүмкіндіктерін пайдалана отырып, мемлекеттік қызметшілер алдын алу және ақпараттық жұмыстарды жүргізіп отырады.

Ақсу аудандық санитариялық - эпидемиологиялық бақылау басқармасы 2021 жылдың 10 айында ерекше тәртіп бойынша және жоспардан тыс 50 тексеріс жүргізді. Барлығы сомасы 4 565 095 теңгеге 88 айыппұл түріндегі әкімшілік шара қолданылды.

2021 жылы бүгінгі күнге дейін - 18 мемлекеттік қызмет көрсетілді, олардың 17-жобаларға берілген. 1 - нысанға берілген. 100 пайыз электронды түрде «Е-лицензиялау» РД порталы арқылы көрсетілді.

Айналасындағы салауатты, таза және сау ортаны шарпып, тыныстіршілігін тарылтатын, заңсыз әрекеттермен қоғамдық ортаның және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, дара кәсіпкерлердің, азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті дертті болдырмаудың тетігі халықтың өзінде. Сондықтан, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске жұрт болып жұмыла қарсы тұру қажет.

Б.ТЕМІРХАНОВ,
аудандық СЭББ басшысы.

А.ЕЛУБАЕВА,
бөлім басшысы.

Мемлекеттік қызметтер жәрмеңкесі ұйымдастырылды

2021 жылдың 02 қарашасында инстаграмм желісінде «Денсаулық сақтау саласындағы көрсетілетін мемлекеттік қызметтер жәрмеңкесі» аясында көрермендермен кері байланысты қамтамасыз ете отырып, Ақсу аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Темірханов Берік Елемесұлы және ШЖҚ «Аудандық орталық аурухана» МҚК директорының орынбасары Ахметова Динара Үсенқызы тікелей эфирге шықты. Кездесу барысында денсаулық сақтау саласындағы көрсетілетін мемлекеттік қызметтер туралы сөз болды.

Темірханов Берік Елемесұлы Ақсу аудандық санитариялық - эпидемиологиялық бақылау басқармасында Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-336/2020 бұйрығымен бекітілген санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыларды беру бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидаларына сәйкес көрсетілген мемлекеттік қызметтердің түрлері, қызмет көрсету мерзімдері, оларға келтірілетін шағымдар, көрсетілген мемлекеттік қызметтердің саны туралы статистикалық есептерді келтіре отырып баяндама жасады.

Ақсу аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасында 2021 жылдың 10 айында мемлекеттік қызметтің 2 түрі қолданылды:

1) Эпидемиялық мәні жоғары объектінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру;

Объектінің мемлекеттік көрсетілетін қызметті халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауға жататын тамақ өнімін өндіру объектілеріне есепке алу нөмірлерін беру қағидаларына сәйкес "Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауға жататын тамақ өнімін өндіру объектісіне есепке алу нөмірін беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметімен жиынтықта "бір өтініш" қағидаты бойынша алуға болады.

2) Қоршаған ортаға зиянды заттар мен физикалық факторлардың жол берілетін шекті шығарындылары мен жол берілетін шекті төгінділері, санитариялық қорғау аймақтары мен санитариялық-қорғаныш аймақтары бойынша нормативтік құжаттама жобаларының, шикізат пен өнімнің жаңа түрлерінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру.

Мемлекеттік қызмет көрсету 100 пайыз электронды түрде «Е-лицензиялау» РД порталы арқылы көрсетіледі. Мемлекеттік қызметтерді көрсетудің сапасы мен қолжетімділігіне мониторинг жүргізіледі. 2021 жылы - 18 мемлекеттік қызмет көрсетілді, олардың 17- қоршаған ортаға зиянды заттар мен физикалық факторлардың жол берілетін шекті шығарындылары мен жол берілетін шекті төгінділері, санитариялық қорғау аймақтары мен санитариялық-қорғаныш аймақтары бойынша нормативтік құжаттама жобаларының, шикізат пен өнімнің жаңа түрлерінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы, 1 - эпидемиялық мәні жоғары объектінің халықтың санитариялық - эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы берілген санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды.

Ақсу аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасында мемлекеттік қызмет көрсету 100 пайыз электронды түрде «Е-лицензиялау» РД порталы арқылы көрсетіледі. Мемлекеттік қызметтерді көрсетудің сапасы мен қолжетімділігіне мониторинг жүргізіледі. 2021 жылы - 18 мемлекеттік қызмет көрсетілді, олардың 17-жобаларға берілген. 1- нысанға берілген.

Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізіліп отырады.

А.ЕЛУБАЕВА,
аудандық СЭББ, санитариялық - эпидемиологиялық бақылау және қадағалау, мемлекеттік қызмет көрсету және цифрландыру бөлімінің басшысы.

101 ХАБАРЛАЙДЫ

От жаққанда абай болыңыз!

Қыс мерзімі тек өртпен ғана емес, сондай-ақ, улы газбен улану себептермен де қауіпті. Улы газдың негізгі қоспасы көміртек тотығы болып табылады. Ол –түссіз, иіссіз,дәмісіз газ. Таза күйінде өте әлсіз,болмашы ғана иісі бар. Оны иісі сезілмейді, сол себепті де адам тез уланып қалады.

Қайғылы оқиға мен өрттің басым бөлігі көбіне түтін шығатын мұржаны тазаламау мен пеш ақауын дер кезінде жөндеумеуден орын алады. Тұрғын үйде пеш және басқа да жылытқыш құралды пайдалану кезінде зардапқа әкелетіндей немқұрайлық танытудан асқан қауіп жоқ екенін де ұмытпаған жөн. Мұндай қайғылы оқиғаның алдын алу үшін қарапайым өрт қауіпсіздігі ережесін ұдайы сақтап отырса болғаны. Мәселен, жанып тұрған пешті қараусыз қалдырмау керек. Оны кішкене балаға табыстауға болмайды. Мұржаны үнемі күйеден тазалап, жөндеуден өткізіп, пайда болған жарықты тез арада сылап тастаңыз. Пештің жарылып кеткен тұстары да қауіпті. Пеш алдындағы ағаш еденнің үстіне өлшемі 50х70 см. темірден жасалған қаңылтыр қаққан дұрыс.

Құрметті жеке үй тұрғындары! Қатты отынмен жанатын пеш қондырғысын пайдаланған кезде немқұрайлық таныту қайғылы оқиғаға әкеп соқтыруы мүмкін. Сондықтан өз үйіңіздегі жылыту пештеріңізге айрықша назар аударып, өзіңізді және жақындарыңызды қайғылы оқиғадан сақтаңыз.

ҚР ТЖМ М.Ғабдуллин атындағы азаматтық қорғау академиясына 2022 жылғы түлектерді оқуға қабылдайды

Ақсу ауданының Төтенше жағдайлар бөлімімен 2021 - 2022 оқу жылында ҚР ТЖМ М.Ғабдуллин атындағы азаматтық қорғау академиясына үміткерлерді дайындау мақсатында аудандағы жалпы орта білім беретін мектебі және мектеп-гимназиясына үгіт-насихат жұмыстары жүргізілуде. ҚР ТЖМ ТЖМ М.Ғабдуллин атындағы азаматтық қорғау академиясы Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар Министрлігінің бөлімшелері үшін жоғары білімді мамандар дайындауды жүзеге асырады. Институтқа ҰБТ табысты тапсырған орта білімді (2022 жылғы мектеп түлектері) немесе орта кәсіптік білімі бар, денсаулығы бойынша әскери қызметке және оқуға жарамды Қазақстан Республикасының азаматтары қабылданады.

ТЖМ М.Ғабдуллин атындағы азаматтық қорғау академиясына іріктеуден үздік өткендер Ресей және Беларусь Республикасы ТЖМ бейімді жоғары оқу орындарына түсуіне мүмкіндігі бар. Институт түлектеріне азаматтық қорғау лейтенанты арнайы атағы беріледі, ЖОО бітіргеннен кейін Қазақстан Республикасы ТЖ Министрлігінің барлық аумақтық бөлімшелеріндегі жұмыс орынымен қамтамасыз етіледі. Оқу мерзімі ҚР Қарулы күштер қатарындағы қызмет ретінде есептеледі.

Институтқа қабылдау ҚР Білім және Ғылым Министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығы дайындаған технология бойынша өткізілген ұлттық бірыңғай тестілеу қорытындысы негізінде берілген сертификат балына сәйкес жүргізіледі.

Бұрынғы орта білім алған түлектерге бастауыш және орта кәсіптік білім беретін оқу орындары түлектерімен кешенді тестілеу, институттың өзінде өткізіледі.

ҰБТ төмендегі пәндер бойынша өткізіледі:

- Математика-салалық және Физика;

- Үміткерлерге қойылатын талаптар: жақсы үлгерім, дұрыс-оң мінездеме, әскери қызметке жарамдылығы, бойы - 170 см-ден кем болмауы, математика және физика пәндерінен жылдыққа шығарылған бағасы 4-тен кем болмауы шарт.

Оқуға үміткерлер ҚР ТЖМ М.Ғабдуллин атындағы азаматтық қорғау академиясы әскери - дәрігерлік комиссиясы арнайы ұйымдастырған қосымша медициналық және психофизиологиялық куәландырудан өтеді және дене тәрбиесі дайындығынан саралап жіктеу сынағын тапсырады.

Ресімдеу мәселесі бойынша Талдықорған қаласы, Ш. Уалиханов көшесі №179, Тел./факс (7282) 22-15-67 кадр саясаты бөлімі немесе Жансүгіров ауылы, Пушкина көшесі, №4, Ақсу ауданы Төтенше жағдайлар бөлімі, 2-13-86.

Мади БАЗАРБАЕВ,
аудандық ТЖБ аға инженері, азаматтық қорғау аға лейтенанты.

Мемлекеттік қызмет көрсету

Көшкентал ауылдық округі 18 қараша күні Көшкентал округі әкімінің аппаратының мамандары «Аяна» дүкенімен және ауыл тұрғындарына мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Соның ішінде ЭЦҚ-ны қашықтықтан алу және мобльді азаматтар базасына онлайн тіркеу.

ЭЦҚ-ны қашықтан алу

Құрметті ауыл тұрғындары, мемлекеттік қызметтердің басым бөлігі Egov.kz порталы арқылы көрсетілетінін білерсіз. Ал олардың негізгі бөлігін растау мен алу электронды цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) арқылы жүзеге асады. ЭЦҚ-ны қашықтан қалай алуға болатынына түсіндіремін.

Egov.kz порталына кіріңіз;

Басты беттегі ЭЦҚ-ны қашықтан алу батырмасына басыңыз да, қызметке онлайн тапсырыс беріңіз;

Порталға бейнекамераны қосуға рұқсат етіңіз;

ЭЦҚ түрін таңдаңыз да ЖСН нөміріңізді теріп, қызметке тапсырыс беріңіз;

Жеке басыңызды растайтын құжат түрін таңдаңыз;

Телефоныңыздың нөмірі мен SMS кодты теріңіз;

Бейне сәйкестендіру сілтемесіне өтіңіз де, камераға қараңыз;

Жеке кабинетіңізге жасырын сөз ойлап тауып, құжаттар батырмасына өтіңіз;

Жеке басыңызды растайтын құжатты «файлды жүктеу» немесе «суретке түсіру» арқылы порталға енгізіңіз;

Құжат жүтелген соң, жеке кабинетіңіз үшін енгізген жасырын сөзді теріп, оған кіріңіз;

Өтініштің электронды нұсқасына электроды мекен-жайыңызды қосыңыз;

Кілтті сақтау орнын таңдап, оның орналасқан жолын көрсетіп өтінішті жіберіңіз;

Соңғы беттен өтініштің статусын көре аласыз;

Кілт дайын болған кезде оған құпия сөз ойлап тауып енгізіңіз;

Сертификатты жүктеңіз.

Мобильді азаматтар базасына онлайн тіркелу

Егер сізге ЭЦҚ алу керек болса, не болмаса порталға бірретік жасырынсөз арқылы кіру керек болса, сізден ұялы телефоныңыздың мобильді азаматтар базасында тіркелуі талап етіледі.

1. Оң жақ төменгі бұрыштан «Виртуалды ассистентке» басыңыз

2. Камера батырмасына басып, бейнетүсірілімге рұқсат беріңіз

3. Байланысқа шыққан операторға жеке куәлігіңізді көрсетіңіз

4. ЖСН нөміріңізді, телефон нөміріңізді, теле-фонға келіп түскен бір реттік кодты хабарлаңыз

5. Сіз тіркелдіңіз!

Мобильді базада тіркеу сізге egovkzbot2.0 телеграм-ботын, egov mobile қосымшасын және проактив қызметтерін пайдалануға мүмкіндік береді.

А.ЕСІМБЕКОВА,
Көшкентал ауылдық округінің әкімшілік мекемесінің қызметкері.

ХАБАРЛАНДЫРУ!

ҚР ЭГТРМ СРК «Қазсушар» ШЖҚ РМК, Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 58-бабының 2-тармағының және 73-бабының 1-тармағының талаптарына сәйкес 2021 жылғы 7 желтоқсан мен 29 желтоқсан аралығында «Алматы облысы Ақсу ауданындағы суару желілерін қайта құру» (түзету) жобасы бойынша «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімін қоғамдық талқылау түрінде Бірыңғай экологиялық порталда қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында сайтында танысуға болады. (Ecoportal.kz)

Барлық ескертулер немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында қабылданады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ!

РГП на ПХВ МЭГПР «Казводхоз» РК, в соответствии с требованиями пункта 2 статьи 58 и пункта 1 статьи 73 Экологического кодекса РК, сообщает, что с 7 декабря по 29 декабря 2021 года на Едином экологическом портале (Ecoportal.kz) будут проводится общественные слушания в форме публичного обсуждения раздела «Охрана окружающей среды» по проекту «Реконструкция оросительных сетей Аксуского района Алматинской области» (корректировка).

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале для предоставления замечаний и предложений.

ҚР ЭГТРМ СРК «Қазсушар» ШЖҚ РМК.

Сапалы атқарылған жұмыс тұрақтылық кепілі

Құрметті жерлестер!

Қазіргі уақытта ауданда жеке аулалар мен шаруа қожалықтарында мал санының өсуі байқалуда, басқа облыстардан, кеден одағы, шет мемлекеттерден мал әкеліп өсірумен айналысып жүрген тұлғалар көбеюде. Дегенмен қарқынды дамып келе жатқан мал шаруашылығына орасан кедергі келтіріп отырған малдардың жұқпалы, инвазиялы, жұқпалы емес аурулары. Ауданда жануарлар ауруларының алдын алу жұмысымен 130-ға тарта ветериниялық мамандар қызмет атқарады, олар: ҚР АШМ ВҚжҚК аудандық аумақтық инспекциясы, аудандық ветеринариялық зертханасы, аудандық ветеринариялық станциясы.

Әрбір мекеменің атқаратын жұмыстары «Ветеринария туралы» Заңымен нақтыланған.

Есепте 2021жылдың 01 қаңтарына 97020 бас МІҚ, 406705 бас ҰММ, 26697 бас жылқы, 1350 бас шошқа, 31 бас түйе тіркелсе, қазан айына 102686 бас МІҚ, 349812 бас ҰММ, 28438 бас жылқы, 1351 бас шошқа, 50 бас түйе тіркеуде.

Осы жылы ауданда 12 түрлі аса қауіпті жұқпалы ауруларға қарсы егу тексеру шаралары жоспарланып, жоспар толығымен орындалды, аса қауіпті жұқпалы аурулар тіркелген жоқ, эпизоотиялық жағдайы тұрақты болуда.

124 669 бас МІҚ бруцеллезге тексеріліп, 108 бас МІҚ бруцеллезге оң нәтиже көрсетті. Жылдық қан алу жоспары - 125106 бас болса, ол 99% орындалды, 2020 жылы ауру мал саны 121 басты құрап, биыл 13 басқа азайып отыр.

412 009 бас ҰММ тексеріліп, 106 бас ҰММ бруцеллезге оң нәтиже көрсетті. Жылдық қан алу жоспары - 445778 бас болса, ол 92% орындалды, 2020 жылы ауру мал саны 138 басты құрап, биыл 32 басқа азайып отыр.

20 бас шошқадан, 28 бас түйеден, 1950 иттен қан алынып, жоспар толығымен орындалды.

Табынның зақымдалуын анықтау мақсатында жыл басынан бері 10 а/округтен 19 МІҚ және ҰММ-дың сынамалары Талдықорған өңірлік филиалына табынның зақымдануын анықтау үшін ПТР-ға тексеруге жіберіліп, теріс нәтиже алынды. 1776 бас МІҚ және 1028 бас ҰММ қосымша диагностикалық зерттеуге қойылып, олардан әрбір 15-20 күнтізбелік күн сайын 2 рет қан алынып, теріс нәтижеге қол жеткізілді. Тексеру жүргізілген аулаларға мал иелерінің қаражат есебінен 1717 ш.м. қора-жайға ағымды залалсыздандыру жұмыстары жүргізілді.

Бруцеллез ауруымен күресу жөніндегі Ереже талаптарын бұзған 2 тұлғаға 87150 теңге айыппұл салынды және жергілікті бюджет есебіне өндірілді.

Аудан аумағында жылма-жыл жоспарлы тексеру кезінде көбінесе адам мен жануарларға ортақ бруцеллез ауруы кездесіп отырады, ауруының шығуының негізгі себептерін көрсете кетуді жөн көрдік:

1. Мал иелері тарапынан ұдайы сұрыптау жұмыстарының жүргізбеуі, себебі, үлкен жастағы малдар ауруды таратушы болуы мүмкін;

2. Малдың қозғалысын бақылау жұмысының өте қиындығы, аулаға келген малдарды мал иелері уақытында айтпайды, ол қан алу барысында ғана анықталып жатады;

3. Аурудың шығу себептерінің толық талданбауы, жұғуы жолдарының жан - жақты қаралмауы, жұғу көздерінің анықталмауы;

4. Аудан халқына ауылшаруашылық малдарын күтіп бағу туралы, бруцеллез ауруының алдын - алу, одан сақтануы жолдары жөніндегі үгіт - насихат жұмысының аздығы;

5. Бруцеллез малдарды, сау малдан дереу оқшаулап, 15 күн ішінде қайта өңдеу орнына өткізбеу;

6. Мал тұрған қора-жайлар мен аулаларда механикалық тазарту, залалсыздандыру, жазғы санацияға қою жұмыстарының нашар немесе мүлдем жүргізілмеуі;

7. Жазғы жайылымдарға малдарды топтастыру кезінде қан алып бруцеллезге тексеру жүргізбей, топтастыру, малдарды ветеринариялық құжатсыз тасымалдау;

8. Малдардың жасына, жынысына қарай топтастырылмауы, малдардың түрлеріне қарай жеке бағылмауы;

9. Ауру көздері болып табылатын

кеміргіштер, жәндіктерге қарсы дератизация, дезинсекция жұмыстарының мүлдем жүргізілмеуі;

10. Мал иелерінің тарапынан іш тастау, өлі туған төлдердің тіркелуі жағдайлары туралы ветеринариялық мамандарға уақтылы айтпай, ол малдарды бөлектеу жұмыстарын жүргізбеу салдарынан ауру сау малдарға қатынас арқылы берілуі;

11. Басқа аудандардан, облыстардан келген малдарды ескертпеу салдарынан уақытылы профилактикалық бақылауға қойылмауы немесе карантиндік шаралар атқарылмауы осының салдарынан бруцеллезге қан алып тексеру уақытының созылуы т.б. жағдайлар;

Аудан аумағына жыл басынан 99 бас МІҚ, 261 бас жылқы сатып әкелінді. Профилактикалық бақылауға қойылып, нәтижесінде ауру мал анықталған жоқ. Ал ЖШС «Агро Холдинг Ақсу» Дания мемлекеттінен әкелген «Джейсери» тұқымды 18-22 айлық 196 бас МІҚ 21 күндік карантинге қойылып, карантиндік іс-шаралары толығымен аяқталып, есепке қойылды

Жыл басынан бері адам мен жануарларға ортақ бруцеллезбен 3 адам ауырды, осы аулаларда 32 бас МІҚ, 205 бас ҰММ, 3 ит бруцеллезге тексеріліп, нәтижесі таза болды. 2020 жылмен салыстырғанда, ауырған адам саны 5-ке азайған.

Адамдарды 29 ит қабу жағдайы тіркелді, аулалардағы иттер мен мысықтарға ветеринар мамандар тарапынан клиникалық тексеру жүргізілді, нәтижесі теріс болды.

Эхинококкоз ауруымен 4 адам, дерматомикоз ауруымен 5 адам тіркеліп, барлық аулаларда тиісті ветеринариялық жұмыстар жүргізілді.

«Ветеринария туралы» Заң талаптарын бұзған тұлғаларға 22 әкімшілік іс қозғалып, жергілікті бюджетке 1 166 800 теңге айыппұл өндірілді. Заң бұзушылықтың алдын алу мақсатында жеке және заңды тұлғаларға 135 нұсқама берілді.

Ветеринариялық бақылау және қадағалау объектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды 20-тексеру актісі тағайындалып, тиісті тексеру жұмыстары жүргізілді. Сол сияқты инспекция тарапынан жыл басынан 13 бармай профилактикалық бақылау және қадағалау жүргізіліп, талдау нәтижесімен, 13 ұсыным жолданды, барлық кемшіліктер көрсетілген уақытқа қалпына келтірілді.

Кейіннен өткізуге арналған малдардың ветсан талаптарға сәйкестігі де бақыланды. Ет, сүт, басқадай өнімдер Жансүгіров ауылындағы орталық базарда, «Тайыржан» мен «Разбекова А» дүкендерінде сатылымға шығаруға рұқсат беріліп, сатылды.

Инспекцияға келген 332 хат кірістеліп, талқыланды, орындалуы қамтамасыз етілді. Мекемеден 276 хат шығысталды.

Ветеринария саласында Үгіт - насихат жұмысының маңыздылығын ескере отырып, «Жоғары патогенді құс тұмауы аландатуда», «Сапалы мемлекеттік қызмет», «Жануарлардың бруцеллезі онымен күресу жолдары», «Шошқаның африкалық обасынан сақтанайық», «Ветеринариялық санитариялық талаптарды сақтайық», «Сыбайлас жемқорлықпен күрес – әр адамның парызы», «Жануарларды тасымалдау талаптарын орындау – тұрақтылық кепілі», «Жоғары патогенді құс тұмауынан сақтанайық», «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алайық» атты мақалалар "Ақсу өңірі" газетінде жарияланды.

Жыл басынан бері жеке және заңды тұлғаларға ветеринариялық-санитариялық қорытынды алуға 25 өтініш қабылданып, мемлекеттік қызмет көрсетілді. Бұрын қызмет алушылардан қағаз түрінде өтініш қабылданып келсе, 2021 жылдың тамыз айынан бастап, өндіріс объектілеріне ветеринариялық-санитариялық қорытынды алу үшін тұлғалар өтініштi ЕАСУ бағдарламасына есептік нөмір алу үшін «Е-лицензия» порталы арқылы. қызмет көрсетіле бастады. Экспорттау кезінде орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерге ветеринариялық сертификат алу жөнінде өтініш түскен жоқ.

Тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайды бағалауды ескере отырып, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің экспортына, импортына және транзитіне рұқсат беру жөнінде Дания мемлекетінен Қызылағаш ауылына МІҚ малдарының импортына «Агрохолдинг Ақсу» ЖШС-нен өтініш түсті. ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау Комитетінен рұқсат алынып берілді. Қазіргі кезде осы малдар жергілікті жерге тіркелді.

"Instagram", "Facebook" парақшалары ашылған. Осы парақшалар арқылы аудан тұрғындарына ауанның эпизоотиялық тұрақтылығын қамтамасыз ету жөнінде ұдайы түсіндіру шаралары өткізілуде.

Жансүгіров ауылдық округіндегі бруцеллез ауруының эпизоотиялық жағдайы туралы дөңгелек үстел отырысы, Жансүгіров а/о, Жансүгіров ауылындағы «Нәдір» ш/қожалығы ауласындағы МІҚ малдарына сібір жарасы ауруына қарсы егу жұмыстары, Дания мемлекеттінен әкелген «Джейсери» тұқымдыс 196 бас МІҚ малдары карантинге қою, ветеринариялық іс-шаралар жүргізуді туралы ақпараттар жарық көрді.

Ауданның эпизоотиялық тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін ветеринария саласындағы мамандарға өз қызметтік міндеттерін атқаруға ұдайы жәрдем көрсетуге тиіссіздер, көмек :

1) Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңдарымен белгіленген жануарлар ауруларының алдын алуды және орны ауыстырылатын объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ветеринариялық ережелерді сақтау, ветеринариялық және әкімшілік - шаруашылық іс-шараларды жүзеге асыру;

2) Жануарларды ветеринариялық ережелер мен нормативтерге сәйкес ұсталуын, өсірілуін және пайдаланылуын жүзеге асыру;

3) Малдардың қора-жайларын таза ұстап, қоршаған ортаның ластануына жол бермеу;

4) Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді қамтамасыз ету;

5) Ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын мекемеге, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау органдарына:

- жаңадан сатып алынған жануар, алынған төл, оның сойылғаны мен өткізілгені;

- жануарлар қырылған, бірнеше жануар бір мезгілде ауырған немесе олар әдеттен тыс мінез көрсеткен жағдайлар туралы хабарлау және ауру деп күдік келтірілген кезде, ветеринария саласындағы мамандар, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлар келгенге дейін жануарларды оқшаулап ұстау жөнінде шаралар қолдану;

6) Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор берген нұсқама талаптарын орындау;

7) Союдың алдында ветеринариялық тексеру жүргізбей жануарларды өткізу үшін союға және сойғаннан кейін ұшалары мен мүшелеріне ветеринариялық-санитариялық сараптама жасамай өткізуге жол бермеу;

8) Кейіннен өткізуге арналған ауыл шаруашылығы жануарларын ет өңдейтін кәсіпорындарда, сою пункттерінде немесе сою алаңдарында союды жүзеге асыру;

9) Жануарларды карантиндеуді жүргізу бойынша.

Құрметті тұрғындар!

Ауылда тұратын ағайынның тұрмыс жағдайының, әл-ауқатының, көңіл-күйінің, ауаны қолындағы малына байланысты екендігі белгілі, ендеше жоғарыдағы көрсетілген талаптарды орындай отырып, эпизоотиялық тұрақтылықты қамтамасыз етуге өз үлесімізді қосайық.

М.КЕЛГЕНБАЕВ,
ҚР АШМ ВБжҚК аудандық аумақтық инспекция басшысы.

Ел тілегімен үндескен

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

Біз осы күндері жай ғана қатардағы ел емеспіз. Үйрене келіп, үйретуге айналған елміз. Билік айтатын, жауласқан елді бітімге шақыратын, бейбіт өмірдің туын тіккен елміз. Осының бәрі – Елбасының дана саясатының, қажыр-қайратының, жалын атқан жігерінің арқасы. Кеңестік дәуірде қарыштап дамып келе жатқан Қазақстанды Сәкен Сейфуллин жүйткіп бара жатқан экспреске теңеп еді. Бүгін көсегесі көгерген Қазақстан көкке қолын созған ғарыш кемесіне ұқсайды. «Сен жанбасаң лапылдап, мен жанбасам лапылдап, біз жанбасақ лапылдап, аспан қайтіп ашылмақ»,- деп жар салған ұранды танимыз. «Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, мен жастарға сенемін!».

Бүгінгі қиялдан озған шындық білім мен ғылымның ғажайып жетістігінің арнасы екені анық. Ал сол игілікті елімізге әкеліп, кенелтіп отырған ел қамқоры – кемеңгер білім мен ғылым кеңістігін айқара ашып, қазақ жастарының келешегін асқар биікке шығарғалы отыр.

Ел бірлігін, қазақтың отбасының амандығы мен берекесін үнемі ойынан шығармайтын Елбасының аузынан тастамайтын бір даналық сөзі бар: «Біріңді қазақ, бірің дос, Көрмесең істің бәрі бос». Мұның өзі данышпан Абайдың өткен ғасырда айтқан өсиеті болғанымен, бүгінде аса қажетті, аса зәру мәселе болып отыр. Президенттің аузымен жаңарып, жаңғырып, тың мәнге айналып, маңыз алып отыр. Күнделікті өмірде, ел ішінде түрлі алаңдалықтың болуы заңды ғой.

Елбасының мақсаты мен ойы – сол алалықты мейлінше жойып, бір - біріне жақындатып, бауыр ету. Былайша айтқанда, «Бір - бірін көре алмай келген қазақ болса, енді бір - бірін көрмесе тұра алмайтын қазаққа айналдыру». Біздің ойымызша, бұдан жоғары, бұдан қасиетті мақсат пен арман жоқ та шығар-ау!

Ж.ҚАЙСАНОВА,
Көшкентал ауылдық округі әкімі аппаратының Жастар ісі жөніндегі әдіскер нұсқаушысы, «Nur Otan» БПҰ-ның, «Жас Отан» жастар қанатының белсенді мүшесі.

Латынға көшу - заман талабы

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

АСТАНА. ҚазАқпарат - Осыдан тура 5 жыл бұрын, 2012 жылғы 14 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасы Н.Ә. Назарбаев "Қазақстан-2050" Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты" атты Қазақстан халқына Жолдауын жасаған болатын. Сонда былай делінген: «Қазақ тілі - біздің рухани негізіміз. Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл - ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жеңуіне, ең бастысы - қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады». Мемлекеттік сыйлықтың иегері, жазушы Бексұлтан Нұржекеевтің сөзіне сүйінсек, ол латынға көшуге қатысты халықтың ортасында әр түрлі пікір бар екендігін алға тартады. Қобалжу да бар дейді жазушы. Бірақ «Шешінген судан тайынбайды» деп тәуекел ету керектігін мәлімдейді: «Латын қарпіне көшу дегеніміз - әріптерді өзгерту емес. Қаншама жыл қазақ тілі орыс тілінің ережесіне бағынып келді. Өз тіліміз өз табиғатында дамымады. Бұған көшу үшін біздің тіліміздің табиғатына негізделген емле жасау қажет. Үндестік заңын негізге ала отырып әуелі емле жасалуы тиіс. Содан кейін латын әліпбиіне көшуге болады»,-деп түйіндейді Б.Нұржекеев. Естеріңізге сала кетейік, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев сәуір айында жарияланған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында Қазақстанның латынға көшуі жайлы жоспарына тоқталып, нақты тапсырмалар берген болатын.

Бұл заман талабынан туған шешім екеніне тоқталған Елбасы: «2017 жылдың аяғына дейін ғалымдардың көмегімен, барша қоғам өкілдерімен ақылдаса отырып, қазақ әліпбиінің жаңа графикадағы бірыңғай стандарты нұсқасын қабылдау керек. 2018 жылдан бастап жаңа әліпбиді үйрететін мамандарды және орта мектептерге арналған оқулықтарды дайындауға кірісуіміз қажет. 2025 жылға қарай іс қағаздарын, мерзімді баспасөзді, оқулықтарды, бәрін де латын әліпбиімен шығара бастауға тиіспіз» деген еді. Еліміздің белгілі қоғамқайраткерлері, жазушы мен ақындар, зиялы қауым өкілдері аталған шараны мейлінше қолдағаны белгілі. Осы ретте алаштанушы ғалым Тұрсын Жұртбай: "Мен латынға көшуді қолдаймын. Әрі Президент жанындағы Қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұлттық комиссия өз жұмысын соңына дейін жеткізеді деп сенемін",-деген болатын. Әлбетте, қолданыстағы қаріптерді латынға ауыстыру үдерісі - бірнеше саланы қамтитын әрі бірнеше жылға созылатын, ұлттың тағдырына тікелей қатысты мемлекеттік саяси науқан екендігі белгілі. Ел ішінде танымал мәдениеттанушы Серік Ерғали латын қарпіне көшу туралы былай дейді: - "Қазіргі қолданыстағы кирилл әліпбиі қазақ тіліне тән емес, қазақ тілі кирилл әліпбиіне бағынған. Сол негізде орыс-қазақ кирилл әліпбиі дүниеге келген. Мен орысша теру үшін ешқашан орыс регистрін қолданбаймын, өйткені, ол тілдегі мәтінді теруге қазақ теруіші жеткілікті. Бүгінгі кирилл-қазақ клавиатурасы арқылы орысша да, қазақша да теруге мүмкіндік беретін ортақ дүние, демек, әліпби де екі тілге ортақ. Әлемде бұндай парадокс жоқ".

Айта кетейік, қазақ елінің латынға көшуі туралы хабар әсіресе, Түркия мен Еуропада қоныстанған 25 мыңға жуық қазақты қатты қуантқан болатын. Латынға көшу - сауатын ашқаннан латын әліпбиін қолданатын Батыс елдеріндегі қазақтардың атажұртпен мәдени, рухани қарым-қатынасын арттырып, өзара түсінісуіне мол мүмкіндік береді деп күтілуде.

Б.ЖАҚСЫБАЕВА,
Кеңжыра ауылдық кітапханашысы.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Алматы облысы, Ақсу ауданы, Ақсу ауданы әкімдігі.

Меншік иесі: «Ақсу өңірі" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму Министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті 2015 жылы 16 қараша айында есепке қойылды. Куәлік №15701-Г

Директор - бас редактор Қасымбекова Ләззат Қалмұхамбетқызы

Газет бетінде жарияланған мақалалар авторының пікірі редакция көзқарасы болып табылмайды. Мақалалар өңделеді, авторға қайтарылмайды.

Жарнама, хабарландырулар, арнау, құттықтаулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет қазақ тілінде аптасына бір рет, жұма күні шығады.

БІЗДІҢ МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, №5, Аудандық әкімшілік үйінде

Тапсырыс 488
Осы шығарылымның таралымы 2699

Директор бас редактор - 2-11-61, жауапты хатшы - 2-12-90.

Электрондық пошта: aksuoniri@mail.ru
Газеттің ресми сайты aksuoniri.kz

Индекс: 65750
Офсеттік басылым көлемі 26.т.

Газет Сарқан қаласы, Тәуелсіздік, 108 «Алатау баспа - полиграфиялық корпорациясы» ЖШС филиалы - Сарқан баспаханасында басылады.